



Сенімге негізделген ықпалдастық

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Вице-президенті Джевдет Йылмазбен кездесті. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге алғаш рет сапармен келген Джевдет Йылмазға ілтипат білдіре отырып, бауырлас Түркия Қазақстанның стратегиялық серіктесі екеніне назар аударды.

– Бауырластығымыз өзара сенім мен құрметке негізделген. Дипломатиялық қатынас орнаған 35 жылға жуық уақыт ішінде біз көптеген биік белесті бағындырдық. Қарым-қатынасымыз жоғары қарқынмен дамып келе жатыр. Арамызда ешқандай түйткіл жоқ. 14 мамырда Президент Режеп Тайип Ердоған елімізге мемлекеттік сапармен келеді. Сапар аясында Стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің кезекті отырысын өткіземіз. Жаңа келісімдерге қол қоямыз, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін Астанада Қазақстан Премьер-министрі және Түркия Вице-президентінің тең төрағалығымен өткен Үкіметаралық комиссия қорытындысы екі елдің сан қырлы әріптестігін одан әрі жандандыра түсетініне сенім білдірді.

Джевдет Йылмаз қазақ елінде көрсетілген сый-құрмет үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Сондай-ақ Президент Режеп Тайип Ердоғанның сәлемі мен ыстық ықыласын жеткізіп, Түркия көшбасшысы Қазақстанға мемлекеттік сапарына және Түркі мемлекеттері ұйымының Түркістандағы бейресми саммитіне ерекше мән беріп отырғанын мәлімдеді.

– Жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру аясында жаңа ғана Премьер-министр Олжас Бектенов мырзамен бірге Үкіметаралық сауда-экономикалық комиссиясының

14-отырысын өткіздік. Жиын қорытындысы бойынша түрлі саладағы нақты шараларды іске асыратын бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойылды. Бұл құжат алдағы кезеңге арналған сауда-экономикалық ықпалдастығымыздың жол картасына айналады, – деді Түркия Вице-президенті.

Джевдет Йылмаз жаңа Конституцияны қабылдау бойынша жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен құттықтап, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне тілектестік білдірді.

Мемлекет басшысы осы тарихи сәтте бауырлас түрік халқының қолдауын сезінгенін, Түркиядан келген байқаушылар референдумға ерекше атсалысқанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында екі елдің сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайту келешегі талқыланды. Соның ішінде өңдеу өнеркәсібі, инфрақұрылым, энергетика, логистика, агроөнеркәсіп кешені, білім және туризм салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джевдет Йылмаз халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, Таяу Шығыстағы күрделі ахуал жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Түркияның аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін жоғары бағалап, алдағы Анталия дипломатиялық форумына қатысатынын растады.

Су ресурстарының жаһандық маңызы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының Су ресурстары жөніндегі арнаулы өкілі Ретно Марсудиді қабылдады. Кездесуде су ресурстарының жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі негізгі мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін су орнықты даму, экологиялық қауіпсіздік және өңірдегі тұрақтылықпен тікелей байланысты стратегиялық ресурс саналатынын атап өтті.

Президент саладағы халықаралық ынтымақтастықтың анағұрлым тиімді архитектурасын қалыптастырудың маңызы ерекше екеніне назар аударды.

Осы орайда Мемлекет басшысы БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру жөнінде көтерген бастамасына арнайы тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл қадам су ресурстарын ұтымды пайдалану, су проблематикасына қатысты сын-қатерлер бойынша халықаралық үйлестіру тетігін кеңейту



және орнықты шешімдерді ілгерілету жөніндегі жаһандық күш-жігерге тың серпін береді.

Алдағы күндері Астанада өтетін Өңірлік экологиялық саммитте аталған құрылымды қалыптастыру параметрлері мен перспективасын жан-жақты талқылауға бағытталған халықаралық консультациялардың алғашқы кезеңін бастау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Биыл желтоқсан айында Абу-Дабиде өтетін Су ресурстары жөніндегі БҰҰ конференциясы саладағы түйткілдерді шешудің өзара келісілген тәсілдерін әзірлейтін алаң рөлін атқаратыны айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ретно Марсуди Орталық Азия өңірінде су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі жөнінде пікір алмасты.

Қаржы орталығының әлемдік беделін арттыру тапсырылды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады. Қабылдау кезінде Мемлекет басшысына АХҚО қызметінің 2025 жылғы және 2026 жылдың I тоқсанындағы негізгі нәтижелері, сондай-ақ Орталықты одан әрі дамыту жоспары таныстырылды.

Орталық құрылғаннан бастап тартылған инвестиция көлемі 21,5 млрд долларға жетті (2025 жылдан бері – 7,2 млрд доллар). Орталықтың басқаруындағы активтердің жалпы көлемі 5,4 млрд долларды құрады.

Ренат Бектұровтың айтуынша, АХҚО қатысушылары ел бюджетіне 284,3 млрд теңге салық төлеген (2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша), былтырдың өзінде 135,9 млрд теңге аударған. Салық түсімдері өсуіне негізінен қатысушылар санының артуы және олардың қызметінің жандануы әсер етті. Мәселен, 2025 жылдан бастап 1 800-ден аса жаңа компания тіркелді. Орталық қатысушыларының жалпы саны 5 400-ден асты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа АХҚО органдары мен ұйымдары атқарған




жұмыс нәтижелері баяндалды. АИХ биржасы құрылғаннан бері борыштық және үлестік капитал көлемі 12,4 млрд долларға артты. 2023–2025 жылдардағы сауда-саттық 4 млрд долларға жетті.

Былытрдан бері АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы 1 600-ден аса істі қарады, ал оның жалпы саны 4 900-ден асты.

Мемлекет басшысына авиациялық-қаржылық экокүйені дамыту мақсатында Aviation Finance Hub іске қосылғаны туралы мәлімет берілді. Бұл бастама әуе кемелерін қаржыландыру мен лизингі дамытуға, салалық сараптама ны жетілдіруге бағытталған. Сондай-ақ АХҚО геологиялық барлаудың бастапқы

кезеңдеріндегі жобаларға инвестиция тартуды көздейтін арнайы платформаны іске қосты. Орталық венчурлық қорлар мен студиялар және крауд-фандинг платформалар ашу арқылы өңірдегі креативті индустрияны қолдауға арналған экокүйені дамытып келеді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Орталықты одан әрі ілгерілетуге қатысты бірқатар міндет жүктеді. Осы орайда, АХҚО-ның халықаралық беделін күшейту, реттеуші ортасын жетілдіру, елге капитал тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасау және Қазақстанның қаржы нарығын дамыту мақсатында Орталық тәжірибесін жаппай тарату қажет екенін атап өтті.



Қолдау мен тілектестік лебізі

Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянға хат жолдады.

Мемлекет басшысы хатында Таяу Шығыстағы қазіргі күрделі ахуал кезінде Біріккен Араб Әмірліктеріне қолдау мен тілектестігін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның тегеурінді, парасатты әрі көреген басшылығымен БАӘ қауіп-қатерді еңсеріп, қарқынды стратегиялық даму бағдарын жалғастыратынына сенім білдірді.

Қазақстан Президенті дипломатия және сындарлы диалог ұзақмерзімді бейбітшілік пен тұрақтылыққа қол жеткізудің сенімді құралы екенін тағы да атап өтті.

Мемлекет басшысының бұл хаты өзара сенімнің жоғары деңгейін, ынтымақтастықтың стратегиялық сипатын және Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері халықтарының арасындағы шынайы бауырластық қарым-қатынасты растайтынын көрсетеді.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы 2025 жылғы 26 маусымда жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 15 сәуір № 278-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы 2025 жылғы 26 маусымда жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 15 сәуір № 279-VIII ҚРЗ

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Нұрлан Серікбайұлы Кәрібаев «Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы лауазымына тағайындалды.

ӨЗЕКТІ

Тұрғын үй кезегіндегі түйткіл реттеліп келеді

Бүгінде елімізде үкіметтік бағдарламалар арқылы үй алудан үмітті азаматтарды есепке алудың бірыңғай да ашық жүйесі құрылып жатыр. Алайда осы мәселеде мемлекеттің басты операторы – «Отбасы банк» кейбір отандастарымызды тұрғын үй кезегіне қоюдан бас тартып отыр. Неге?

Айнаш ЕСАЛИ, «Egemen Qazaqstan»

Осы сауалға жауап бермес бұрын 2025 жылғы 24 мамырдан бастап «Отбасы банк» ұлттық даму институты мәртебесіне ие болғандықтан, тұрғын үй кезегін орталықтандырылған жүйеге көшіре

бастағанын еске сала кеткен жөн. Бұған дейін кезекте тұрған азаматтардың есебін әкімдіктер жүргізіп келген. Оның үстіне жетім балалардан бастап әскери қызметшілерге дейін, әртүрлі санат бойынша бірнеше, шашыраңқы тізімдер болған еді.

5 >



Қолжазбы жасаған – Аманжол ҚИЯС, «EQ»



Ұзақмерзімді дамудың құқықтық негізі

Жаңа Конституция – саяси институттарды жүйелі түрде жаңғырту және Қазақстанның заманауи әрі тиімді басқару үлгісіне көшу жолындағы тарихи қадам. Бұл жөнінде Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев айтты.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Кеше Сенатта салтанатты жиын өтіп, онда жаңа Конституцияға байланысты республикалық референдумның қорытындысы талқыланды. Палата төрағасы аталған референдум шын мәнінде тарихи оқиға болғанын айтты. Сондай-ақ олардың астамы Президент жариялаған конституциялық реформаны қолдағанын, соның нәтижесінде еліміздің жаңа Ата заңы қабылданғанын атап өтті. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның дамуы жолындағы маңызды қадам.

М.Әшімбаев конституциялық реформа Мемлекет басшысы бастамашы болған ауқымды жаңғыртулардың дәйекті жалғасы екеніне тоқталды. Жаңа Конституция қазіргі заман талаптарына сай екені, мемлекеттілігіміздің ғасырлар бойы қалыптасқан даму тарихының жарқын көрінісі саналатыны да өңімеге арқау болды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылған конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашты. Қабылданған Ата заң саяси жүйені сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтудың тиімді тетіктері айқындалып, дамудың жаңа парадигмасы қалыптасты. Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау басым міндет ретінде белгіленгені ерекше атап өткен жөн. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін нормалар да қарастырылды. Жалпы, жаңа Конституция еліміздің ұзақмерзімді әрі нәтижелі дамуының берік құқықтық және саяси негізін қалады. Бұл – Қазақстанның одан әрі өсіп-өркендеуі үшін аса маңызды қадам», деді Сенат төрағасы.

Іс-шарада жаңа Ата заң Әділетті Қазақстан идеясын толық іске асырудың құқықтық негізін бекіте түскеніне назар аударылды. Сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде айқындау осы реформа аясындағы аса маңызды

тұжырымдамалық өзгерістердің бірі болғаны айтылды.

«Ең бастысы – қоғам конституциялық реформаға бейжай қараған жоқ. Азаматтардың басым көпшілігі ел дамуының берік негізіне айналған жаңа Конституцияны қолдады. Референдум нәтижелері халықтың ел болашағына жауапкершілікпен қарайтынын көрсетті. Сондай-ақ Мемлекет басшысының реформаларына азаматтардың сенімі жоғары екенін тағы бір мәрте паш етті. Қазір алдымызда жаңа Конституциядан туындайтын ауқымды міндеттер тұр. Басты мақсат – Президентіміздің бастамасымен қолға алынған реформаларды сапалы жүргізу, жаңа Ата заңда айқындалған қағидаттарды нақты мазмұнмен толықтыру және тиісті заңдар қабылдау арқылы Әділетті Қазақстан қалыптастыру идеясын іске асыру. Бұл – депутаттар үшін ортақ міндет, ортақ жауапкершілік», деді М.Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат төрағасы Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттілігі мен Егемендігін нығайту ісіндегі еселі еңбегі, белсенді қоғамдық және мінсіз мемлекеттік қызметі, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына, ұлтаралық келісімді нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін марапатталған бірқатар сенатор мен Палата Аппаратының қызметкерлеріне мемлекеттік наградаларды тапсырды.

Атап айтқанда, сенаторлар Сұлтанбек Мәкежанов пен Нұрғөре Жүсіп Ш дәрежелі «Барыс» орденімен наградалды. Палата депутаттары Ғалиасқар Сарыбаев пен Ольга Булакинаға «Парасат» ордені табысталды. Сенатор Руслан Рүстемов, Сенат Аппаратының басшысы Максим Споткай, Аппарат басшысының орынбасары Адай Баймұқанов, бөлім басшысы Бақытгүл Төлеуова, баспасөз қызметі басшысының орынбасары Еламан Қоңыр «Құрмет» орденімен марапатталды. Бұдан басқа, Аппараттың бірқатар қызметкеріне «Ерен еңбегі үшін» медалі мен Президенттің Алғысхаты тапсырылды.

Іргелі инфрақұрылыммен жан-жақты танысты

Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшелері Астана сұқоймасына барып, аса маңызды инфрақұрылым нысандарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін қарастырды.

Көшпелі отырыс барысында гидротехникалық құрылыстың жай-күйіне, сондай-ақ көпірлерді, бөгеттер мен тоннельдерді ықтимал қауіп-қатерлер мен төтенше жағдайлардан қорғау мәселелеріне баса назар аударылды. Қатысушылар нысанның ағымдағы пайдаланылуы барысында, оның техникалық сипаттамаларымен, тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету барысында қабылданып жатқан шаралармен танысты.

Комитет төрағасы Андрей Лукин аса маңызды инфрақұрылым нысандарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері тұрақты бақылауда екенін атап өтті.

«Гидротехникалық құрылыстардың жай-күйіне және төтенше жағдайлардың, соның ішінде су тасқыны кезеңіндегі қауіптерді алдын алу шараларына ерекше көңіл бөлу маңызды. Бұл ретте мұндай нысандардың тозу деңгейінің жоғары екенін ескере отырып, оларды жаңғырту мен жөндеуге жүйелі тәсілді қамтамасыз ету қажет. Ведомствоаралық тиімді іс-қимылды жолға қою және

туындайтын тәуекелдерге жедел ден қоюға, маңызды инфрақұрылымның тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін заманауи мониторинг механизмдерін енгізудің маңызды зор», деді ол.

Сондай-ақ талқылау барысында су тасқыны жағдайы және төтенше жағдайдың алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралар қаралды. Қазіргі уақытта елімізде гидрологиялық жағдайға тұрақты мониторинг жүргізіліп жатыр, ал су тасқынына қарсы іс-шаралар уәкілетті органдардың бақылауында.

Көшпелі жиынға Төтенше жағдайлар, Су ресурстары және ирригация министрліктерінің, Астана қаласы әкімдігінің, басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Кездесу қорытындысында маңызды инфрақұрылым қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін одан әрі жетілдіру, соның ішінде ведомствоаралық іс-қимыл механизмдерін дамыту, алдын алу шараларын күшейту қажеттігі атап өтілді.

Ұлттық рейтинг жүйесі құрылады

Елімізде рейтинг агенттігін құру жоспарланып отыр. Аталған ұйым бизнес, банк немесе мемлекеттің сенімділік деңгейін бағалаумен айналысады. Кеше Мәжілістің жалпы отырысында осыған қатысты заң жобасы мен оған ілеспе түзетулер бірінші оқылымда қаралды. Жиында депутаттар бұдан өзге тағы үш құжатты талқылады.

Зейін ЕРҒАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Қаржы секторы қалай дамиды?

Рейтинг агенттігі қаржылық көрсеткіштерді, қарыз жүктемесі мен тәуекел факторларын саралап, тиісті тізім жасақтайды. Компаниялардың көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, несие алу, не инвестиция тарту мүмкіндігі соғұрлым арта түседі. Отырыста «Рейтингтік қызмет туралы» заң жобасын Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова таныстырды. Оның айтуынша, жаңа заң алғаш рет елдегі кредиттік рейтингтік агенттіктердің қызметін реттеудің құқықтық негізін белгілейді. Құжат 7 тарау, 30 баптан тұрады. Оған ілеспе заң жобасымен 3 кодекс және 18 заңға түзетулер енгізіледі.

Негізгі мақсат – рейтингті пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, кредиттік рейтингтік агенттіктер қызметінің ашықтығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету. Құжат негізінде тәуелсіз ұлттық рейтингтік бағалау институты ретінде Қазақстанның рейтингтік агенттігі құрылады. Оның акционерлері Ұлттық банк, халықаралық рейтингтік агенттік және басқа да қаржы ұйымдары болады. Ұлттық банк агенттіктің қаржылық орнықтылығын және қаржы нарығы тарапынан сенімді қамтамасыз етеді. Халықаралық рейтингтік агенттіктер қатарына Standard&Poor's, Moody's, Fitch пен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының кемінде бес елі таныған басқа рейтингтік агенттіктер кіреді. Рейтингтік қызметті мемлекеттік бақылау мен қадағалауды енгізу ескерілген, – дей келе М.Әбілқасымова агенттікке халықаралық және шетелдік рейтингтік агенттіктерді тану, мониторингілеу, тануды кері қайтарып алу, рейтингтік қызмет туралы заңнама талаптарының сақталуын бақылау өкілеті берілетінін жеткізді.

Нарыққа кіруге рұқсат беру үшін халықаралық және шетелдік рейтингтік агенттіктерге біліктілік талаптары белгіленеді. Оған кемінде бес жыл қызмет тәжірибесі, меншікті капитал деңгейінің жеткілікті болуы, тексеруден өткен әдіснамасы және институционалдық тәуелсіздігі жатады.

Баяндамашы қазақстандық рейтингтік агенттік үшін жарғылық және меншікті капиталдың ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптар заңға тәуелді деңгейде белгіленетінін айтты. Жарғылық капитал – шамамен 10 млрд теңге. Бұл басқа елдердегі ұлттық рейтингтік агенттіктердің тәжірибесіне сәйкес қарастырылған.

Назарда – бизнес әлеуеті

Бүгінде елдегі өрісі кеңейіп келе жатқан саланың бірі – қаржы секторы. Мәселен, кейінгі бес жылда акциялар нарығын капиталдандыру 115%-ға ұлғайып, 44,7 трлн теңгеге жеткен. Қор биржасындағы акция шығарылымдарының саны екі есе өсті. Облигациялар нарығының көлемі 16,5%-ға артып, 16,7 трлн теңге болды.

Қазір ел аумағында осы секілді көрсеткіштерді халықаралық және шетелдік агенттіктер беріп отыр. Рейтингерді негізінен қаржы ұйымдары мен ірі бизнес компаниялары алады. Ұлттық рейтингтік жүйені құру шағын және орта бизнеске капитал нарығына шығуды жеңілдетеді. Талқылау барысында депутат Серік Ерубайев елімізде рейтинг қызметін енгізу жергілікті кәсіпкерлердің несие алуына қалай әсер ететіні туралы сұрақ қойды.

– Енді кәсіпкерлер банктен несие алу үшін міндетті түрде ұлттық кредиттік рейтинг алуы керек пе? Бизнес үшін, әсіресе шағын және орта бизнес үшін мұндай рейтингтердің тарифтері қолжетімді бола ма? – деп сұрады депутат.

М.Әбілқасымова банктен несие алу үшін кредиттік рейтинг алу талап



етілмейтінін, банктер оны міндетті шарт етіп қоймайтынын айтты.

– Несие бойынша шешімдер бұрынғыдай әртүрлі фактор негізінде қабылданады. Бірақ мұндай рейтинг алған компаниялар үшін шарттар тиімдірек болуы мүмкін. Тарифтің қолжетімділігіне келетін болсақ, рейтинг бойынша ол төменірек болады, себебі шағын және орта бизнес үшін бұл өте маңызды механизмге айналады. Жалпы тарифтер қолжетімді болады, – деп түсіндірді ол.

Мәжілісмен Ерлан Саиров ұлттық агенттіктің жүргізген рейтингі қаншалықты ашық әрі объективті болатынын, осы агенттікті құруға бөлінген мемлекет қаражатын қайтару тетіктері туралы сұрады. Оған Ұлттық банк төрағасының бірінші орынбасары Ерұлан Жамаубаев жауап берді.

– Ұлттық банк қандай да бір бизнес саласымен жұмыс істемейді. Бизнес өкілдерімен тікелей сыбайлас емес. Сондықтан біз объективтілікті қамтамасыз етеміз. 10 млрд теңге дивиденттерден, екіншіден, бірнеше жылда салық есебінен қайтарылады, – деді Е.Жамаубаев.

Ғылым саласындағы экожүйе реттеледі

Сондай-ақ елімізде ғылым қалашықтары мен ғылыми-технологиялық парктер құрылады. Мәжіліс «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда қабылдады.

– Ғылым қалашықтары – ғылымды қажетсінетін технологиялар мен инновацияларды дамытуға жағдай жасалатын елді мекендер болса, ғылыми-технологиялық парктер – жоғары оқу орындары, ғылыми институттар мен өндірісте ғылыми әзірлемелерді енгізген кәсіпорындар базасында құрылады. Бұған қоса заңмен жұмыс пайдалануға арналған ғылыми зертханалар инфрақұрылымына қолжетімділікті қамтамасыз ету тетіктері енгізіледі. Ұлттық ғылым академиясының квазимемлекеттік сектор субъектісі ретіндегі мәртебесі нақтыланып, оның мүлкін қалыптастыру көздері, қаржыландыру тәртібі және міндеттемелер бойынша жауапкершілігі айқындалады. Сонымен қатар ғылыми жобалар мен бағдарламаларды іске асыру мерзімдерін есептеу тәртібі жетілдіріледі. Енді біз ұсынған нормаларға сәйкес, ғылыми жобаның басталу мерзімі автоматты түрде қаңтар айынан емес, нақты келісімшарт жасалған күннен бастап белгіленеді, – деді заң жобасы жөнінде баяндама жасаған депутат Асхат Аймағамбетов.

Осылайша, ғылыми және технологиялық ресурсты тиімді шоғырландыру, жоғары технологиялық өндірісті дамыту және ғылымның инвестициялық тартымдылығын арттыру үйлестіріледі.

Ғылым мәселелері бойынша заңға Үкімет ұсынған түзетулер де енгізілді. Олар – дәрілік заттарды тіркеу және қайта тіркеу рәсімдерін оңтайландыру. Оған қоса ұзақ уақыт кома жағдайында жатқан азаматтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін нормалар бекітіледі. Мұндай науқастардың туыстары олардың атынан мүдделікті тобын белгілеу үшін куәландыруға өтініш бере алады. Бұл тиісті жәрдемақылар мен техникалық оңалту құралдарын алуға мүмкіндік береді.

Мәжіліс қарауына «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» заң жобасы мен іліспе құжат та енгізілді. Заң жобасы Ұлттық патент жүйесін жаһандық жүйеге интеграциялауға,

бағалы бастапқы селекциялық материалдарды қолжетімді етуге, отандық селекция және елде тұқым шаруашылығын дамытуға инвестиция тартуға, алынған сорттарды әлемдік нарыққа шығаруға жол ашады.

Сын шын болуы керек

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралғаннан кейін отырыста депутат Абзал Құспан әлеуметтік желіде депутаттарға қарсы айтылған үндеулерге қатысты мәлімдеме жасады. Оның айтуынша, заңның кей нормалары қоғамға толық жеткізілмей, біржақты ақпарат тарап жатыр.

– Қазір қоғамда кеңінен талқыға түскен үй жануарларына жауапкершілікпен қарау туралы заңда иттерді 5 күнге дейін уақытша ұстау қарастырылған. Егер осы мерзім ішінде иесі табылмаса, әрі қарай тиісті шешім қабылдау тетігі көзделген. Ең маңыздысы – осы мерзімді ұзарту құқығы жергілікті мәслихаттарға беріліп отыр. Өкінішке қарай, бұл ақпарат біржақты тарап жатыр. Яғни факті емес, манипуляция ала шықты. Facebook-те жазылған пікірлердің бірқатарында Жаңбыршин, Пономарев секілді депутаттардың аты аталып, оларға қатысты тікелей зорлық-зомбылық жасауға қатысты үндеулер айтылған. Бұл – жай эмоция емес, құқықтық баға беруді қажет ететін нақты әрекет. Қақтығыс тек депутаттар мен жекелеген азаматтар арасында емес, осы заң жобасын қолдаған, қарсы болған топтардың арасында да қауіпті деңгейге дейін ұшығып отыр. Мұндай әрекеттердің құқықтық шегі бар, – деген А.Құспан осындай тақырыптардың айналасында әлеуметтік алауыздықты қоздыратын мәлімдемелердің әдейі көбейетінін, сондықтан қоғамдық талқылау жауапкершілікпен жүргізілуіне тиіс екенін жеткізді.

Жиында бірқатар депутат сауал жолдап, отандық ғылыми-техникалық өнертаптардың жол құрылысында пайдалану, өрт қауіпсіздігі, жер сілкінісі кезінде халық жиналатын орындардың жетіспеушілігі, билер институты, Арал қаласында жаңа емхана салу сынды елдегі өткір мәселелерді ортаға салды. Мәжілісмен Әбуғәліп Мутәлі таулы аймақтардағы сел қауіпін алдын алу жөнінде мәселе көтерді. Ол инженерлік қорғанысты қамтамасыз ететін инфрақұрылым жасақтау қарқыны алаңдататынын айтты.

– 2021–2025 жылдар аралығында территориямызда 17 сел оқиғасы тіркелді. Олардың барлығы залалсыз, «минималды әсер» санатында танылды. Ұсынбалы деректер жалпыланған ақпаратты қамтиды. Тәуекелдер ықтималдығы, елді мекендердің оқалдығы немесе өзге болжамдар жасауға қажетті жан-жақты ақпарат жоқ. «Қазақстан Ғарыш Сапары» геоақпараттық қызмет көрсетеді, сондай-ақ жергілікті мониторинг жүйелері іске қосылған. Олардан басқа елде жасанды интеллектті пайдаланатын толыққанды алдын ала болжау, сенорлық деректерді сараптама модельдермен біріктіру және үлкен деректер жиынтығын өңдейтін жүйелер жетіспейді, – деді депутат.

Селден қорғауға жүйелі қаржыландырудың жетіспеушілігі де анықталған. Кейінгі жылдары мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға мақсатты бюджеттік қаражат бөлінбеген. Осыған байланысты Ә.Мутәлі Үкіметке сел қауіпсіздігі жөнінен бірінші мемлекеттік бағдарламаны әзірлеп және бекітуді, сел қауіп жоғары аймақтарда қорғаныс құрылыстарының жеткіліксіз салыну себептеріне аудит жүргізу, төтенше жағдайлар кезіндегі ықтимал залалдың жаңартылған есебінен қамтамасыз етуді ұсынды.

Бауырлас елмен байсалды байланыс

Премьер-министр Олжас Бектенов пен елімізге жұмыс сапарымен келген Түркия Республикасының Вице-президенті Джемдет Йылмаз екіжақты келіссөз жүргізіп, Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 14-отырысын өткізді.

Қуат ӘУЕСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Тараптар шағын құрамда ынтымақтастықтың бүгінгі деңгейі туралы пікір алмасты. Сондай-ақ Қазақстан мен Түркия президенттері Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған деңгейінде қол жеткізілген уағдаластыққа сәйкес тауар айналымының көлемін одан әрі ұлғайту мақсатында екіжақты өзара іс-қимылдың әлеуетін арттыру жөніндегі шаралар қаралды. Түркия президентінің Қазақстанға мемлекеттік сапарына дайындыққа да ерекше назар аударылды.

Премьер-министр Түркия вице-президентін Қазақстанның жаңа Конституциясының негізгі мазмұны туралы хабардар етіп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен еліміз дамудың жаңа тарихи кезеңіне аяқ басқанын атап өтті.

Бауырлас қос елдің мемлекеттік органдары басшыларының қатысуымен өткен Үкіметаралық комиссияның отырысында сауда, инвестициялар, өнеркәсіп, көлік пен логистика, энергетика, цифрландыру және жасанды интеллект, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимыл саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері қаралды.

«Біздің мемлекеттеріміздің басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоғанның шынайы достығы жақсы дәстүрге және екіжақты қарым-қатынастардың берік іргетасына айналды. Біздің сауда-экономикалық және инвестициялық байланысымыз қарқынды дамып келеді. Түркия – Қазақстанның бес негізгі сауда серіктесінің бірі. Елдер арасындағы тауар айналымы өткен жылы 9%-ға артты. Оның ішінде Қазақстан тауарларының экспорт көлемі 17%-дан астам өсіп, 3,9 млрд долларға жетті. Қазақстан Үкіметі сауданы әртарапандыруға, оны шикізаттан қосылған құны жоғары өнімге ауыстыруға бағытталған бірлескен жұмыс жүргізуге мүдделі», деп атап өтті Олжас Бектенов.

«Түркия мен Қазақстан – тек дос және бауырлас мемлекеттер ғана емес, сонымен қатар ортақ тарих пен мәдениет байланыстыратын стратегиялық серіктестер. Біздің ынтымақтастығымыздың жоғары деңгейіне қол жеткізуде президенттеріміз – Режеп Тайип Ердоған мен Қасым-Жомарт

Тоқаевтың шешуші әрекеттері мен ортақ көзқарасы үлкен рөл атқарды. Үкіметаралық комиссияның бүгінгі отырысын біз алдағы уақыттағы сауда-экономикалық қатынастарымыздың Жол картасын қалыптастыратын стратегиялық консультациялардың негізі ретінде қарастырамыз», деп атап өтті Джемдет Йылмаз.

Қазақстан тарапы жаңа бірлескен жобаларды жүзеге асыру шеңберінде өнеркәсіптік платформалар мен мемлекеттік қолдау құралдарын ұсынуға дайын екенін атап өтті. Өткен жылы экономикаға шамамен 390 млн доллар түрік инвестициясы тартылды, небәрі 20 жыл ішінде бұл сома 6 млрд доллардан асты. Бүгінде құрылыс, жеңіл өнеркәсіп, металлургия, АӨК өнімдерін терең өңдеу, көлік және логистика, фармацевтика өндірісі, электрондық аспаптар және тағы да басқа салаларда жалпы сомасы 4 млрд доллар болатын 98 инвестициялық жоба іске қосылды. Одан бөлек 3,9 млрд доллар болатын тағы 50 жоба жүзеге асырылып жатыр.

2025 жылдың қорытындысында Қазақстан мен Түркия арасындағы теміржол арқылы жүк тасымалы 6,4 млн тоннаны құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 35%-ға артты. Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша тасымал көлемі 4 млн тоннадан асты. Ортақ басымдық – Орта дәлізді дамыту мен осы бағытта инфрақұрылымды жаңғырту, «тар» учаскелерді жою, порттық және терминалдық қуаттарды кеңейту, цифрлық шешімдерді енгізу, сондай-ақ тарифтік саясатты үйлестіру жөнінде бірлескен жұмыстар жүргізу. Қабылданған шаралардың нәтижесінде бұл бағытта жүк ағыны 7 жылда 5 есе өсті, жеткізу мерзімі 13 күнге дейін қысқарды.

Агроөнеркәсіп кешенінде өткен жылы тауар айналымы 25%-дан астамға артып, 360 млн долларға жетті. Үкіметті органдар мен Қазақстан мен Түркия бизнесі арасында агротехнология және сақтандыру саласында тәжірибе алмасу жолға қойылған. Отырыс барысында қатысушылар экспорттық ассортиментті кеңейту және қосылған құны жоғары жаңа бірлескен өнім өндірісін іске қосу арқылы тауар айналымын әртарапандырудың өзекті екенін айтты. Сонымен қатар бидай, жасымық, жемшөп пен майлы дақылдардың экспорт көлемін одан әрі ұлғайту мақсатында ветеринария



мен фитосанитария саласында бірлескен жұмыс қажеттігіне назар аударылды.

Мұнай-газ саласында, геологиялық барлау мен басқа да бірлескен ірі жобаларды жүзеге асыру арқылы энергетикалық әріптестікті дамыту мәселелері қаралды. Түркия аумағы арқылы өтетін әрі Қазақстан мұнайын тасымалдайтын «Баку – Тбилиси – Джейхан» құбыры инфрақұрылымының стратегиялық маңызы атап өтілді. Энергетика, көмір мен өзге де салаларда инновациялар енгізу жөнінде тәжірибе алмасу екі ел арасындағы ынтымақтастықты сапалы жаңа деңгейге көтереді.

Түркі мемлекеттері ұйымы шеңберінде Қазақстан мен Түркия өзге елдермен бірлесіп, Киберқауіпсіздік жөніндегі кеңес пен CubeSat-12u жерсерігін әзірлеу бағытында бірлескен жұмыс жүргізіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел экономикасын цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын кеңінен енгізу жөніндегі бастамаларына ерекше назар аударылды. IT-білім беру, финтех, киберқауіпсіздік пен электрондық қызметтер саласындағы бірлескен жобалардың әлеуеті атап өтілді. Астана қаласында Орталық Азиядағы екі ірі суперкомпьютерлік кластер іске қосылып, Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылды. Сонымен қатар инвестор мен серіктестерге қуат көзі, инфрақұрылым және арнайы салық жеңілдіктері ұсынылатын «Деректерді өңдеу орталықтары алабы» жобасы жүзеге асырылып отыр.

Денсаулық сақтау саласында инвестициялық ынтымақтастық, ақпараттық технологиялар мен академиялық

тәжірибе алмасу негізгі бағыттар ретінде айқындалды. Түрік серіктестерінің қатысуымен Қазақстанда жаңа ауруханалар салу, онкологиялық инфрақұрылымды, университеттік клиникаларды дамыту әрі фармацевтикалық өнім өндіру жобалары жүзеге асырылып жатыр.

Көлік, Сауда және интеграция, Энергетика, Ауыл шаруашылығы, Өнеркәсіп және құрылыс, Оқу-ағарту министрліктерінің басшылары Қазақстан тарапынан әріптестікті одан әрі нығайтуға қатысты ұсыныс беріп, пікір білдірді. Түрік тарапынан Көлік және инфрақұрылым, Сауда, Энергетика және табиғи ресурстар, Ауыл және орман шаруашылығы, Өнеркәсіп және технологиялар, Ұлттық білім министрліктерінің басшылары қатысты.

Жийн соңында тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан мен Түркия арасындағы Үкіметаралық комиссиясының 14-отырысының хаттамасына қол қойды.

Сонымен қатар Премьер-министр Олжас Бектенов пен Түркия Республикасының Вице-президенті Джемдет Йылмаздың қатысуымен екі елдің іскер топтарының өзара іс-қимылы жөнінде дөңгелек үстел өтті. Жиынға қаржы секторы, өнеркәсіп, құрылыс, көлік пен логистика, энергетика сынды салалардағы жетекші отандық және түрік компанияларының өкілдері қатысты.

Премьер-министр Олжас Бектенов дөңгелек үстелге қатысушыларға арнаған алғыс өзінде экономиканың негізгі бағыттары бойынша іскер топтардың өзара іс-қимылының серпінді дамуын атап өтті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Қазақстан Үкіметі жаңа инвестициялық циклді іске қосу және сапалы инвестициялар көлемін арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр. Біз түрік бизнесімен серіктестікті одан әрі дамытуға мүдделіміз. Бұл үшін Қазақстанның қажетті ресурстар мен мүмкіндіктері бар. Осы ретте Қазақстан Үкіметі өз тарапынан жаңа жобаларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын», деп атап өтті О.Бектенов.

Түркия Вице-президенті Джемдет Йылмаз түрік бизнесінің Қазақстан нарығына қызығушылығын атап өтіп, экономиканы дамыту мен инвесторларға қолайлы жағдай жасау бағытында елімізде жүзеге асып жатқан шараларға жоғары баға берді.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен айтарлықтай жетістіктерге жетті. Жүргізілген конституциялық реформалар елдің саяси тұрақтылығы мен институционалдық жүйесін нығайтты. Біз Қазақстандағы реформалар мен қайта құруларды жоғары бағалаймыз және бауырлас елді қол жеткізген нәтижелерімен құттықтаймыз. Қазақстан экономикасы айтарлықтай өсімге қол жеткізді – былтыр ІЖӨ 300 млрд доллардан асты. Өсім 6,5%-ды құрады, бұл әлемдік деңгейден екі есе дерлік жоғары», деді Д.Йылмаз.

Жұмыс сапары аясында Түркия Вице-президенті Ұлттық музейді аралап көрді. Сондай-ақ Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығының аумағында отандық әзірлеушілердің цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы жобаларымен танысты.

Шымкенттің мәдени-туристік мүмкіндігі бағамдалды

Премьер-министр орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Шымкент қаласына жұмыс сапары барысында мәдениет саласындағы іргелі жобаларды пысықтап, шаһардың туристік әлеуетімен, қоғамдық кеңістіктердің даму барысымен танысты. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан музыкалық білім саласы қызметкерлеріне мемлекеттік марапат тапсырды.

Орынбек ӨТЕМҰРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Марапаттау рәсімінде Аида Балаева өнер саласының ұстаздары мәдени құндылықтарды сақтап, кеңінен насихаттауда, сондай-ақ өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруда айрықша рөл атқаратынын атап өтті.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және күй өнерін кеңінен насихаттауға бағытталған «Күй күмбірі» республикалық акциясын ұйымдастыру мен өткізуге қосқан үлесі үшін Президент Жарлығымен бірқатар педагог марапатталды. Атап айтқанда, «Құрмет» ордені Б.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясының музыка пәні мұғалімі Гүлфайруз Елжановаға, «Ерен еңбегі үшін» медалі №46 мектеп-лицейдің музыка пәні мұғалімі Еркежан Назароваға, сондай-ақ «Алғыс» грамотасы №58 жалпы орта білім беретін мектептің музыка пәні мұғалімі Гүлзира Даржановаға табысталды.

Үкімет басшысының орынбасары осы жұмыс сапары аясында

Шымкент қаласына барып, музей экспозицияларын тамашалады. Іс-шара барысында тарихи-мәдени мұраны сақтаудың маңызына тоқталды. Сондай-ақ этноауылда болып, мұндай нысандарды архаикаға бой алдырмай, заманауи, креативті әрі инновациялық форматта дамыту қажеттігін атап өтті.

Вице-премьер Арбат жауу жүргіншілер аллеясын да аралап, қалалық мәдениет, гастрономия және креативті индустрия салаларындағы бірқатар жобалармен танысты. Бұл ретте ол осы аумақта бос жұмыс орындары мен жастарға арналған маусымдық кәсіптік бағдар ақпараттарын беретін жұмыспен қамту орталығын орналастыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Сонымен қатар креативті органы дамытуға, жас таланттарды қолдауға, мәдени мұра мен инновациялық тәсілдер үндескен заманауи қалалық инфрақұрылымды қалыптастыруға ерекше назар аударылды.

Осы күні Аида Балаева Шымкент қаласындағы



«Жастар» театрына барып, Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» трагедиясы желісінде сахналан-

ған спектакльді тамашалады. Қойылым – қазақ драматургиясының алтын қорына

енген, ұлт рухы мен халықтың тарихи тағдырын терең бейнелейтін көрнекті туынды. Театр

ұжымы спектакльді жаңа режиссерлік шешіммен ұсынып, классикалық шығарманы заманауи сахналық тіл арқылы жаңаша пайымдаған.

Вице-премьер театр ұжымының тыныс-тіршілігімен танысып, қызметкерлермен кездесу өткізді.

«Мемлекет басшысы мәдениет саласына ерекше мән береді. Президент ұлт рухын асқақтатып, рухани тұтастықты нығайтып жүрген мәдениет қайраткерлерінің еңбегін әрдайым жоғары бағалайды», деді ол.

Биыл «Жастар» театрының ашылғанына бір жыл толып отыр. Қазіргі уақытта театр репертуарында 10 қойылым бар. Жас театр халықаралық деңгейде де танылып үлгерді. 2025 жылы Алжирде өткен «The International Cultural Festival of Desert Theatre» фестивалінде бас жүлдені жеңіп алды. Сонымен қатар 2026 жылы сәуірде Франциядағы GRRRANIT – Scène nationale de Belfort театрымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұған қоса театр Италия, Корея, Канада елдеріндегі әріптестерімен байланыс орнатып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және халықаралық фестиваль ұйымдастыру бағытындағы мүмкіндіктерді қарастырып отыр.

Бүгінде театр ұжымында 145 адам еңбек етеді. Оның ішінде 50 әртіс және 18 шығармашылық құрам өкілі бар.



Тобыл бойындағы тазалық акциясы



Өңірде «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында көктемгі жаппай сенбіліктер маусымы басталды. Қостанайдағы «Триатлон» саябағында өткен алғашқы сенбілікке облыс әкімі Құмар Ақсақалов қатысты.

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

100-ге жуық саябақ пайда болды

Осыдан екі жыл бұрын алапат су тасқыны кезінде Тобыл жағасындағы бұл алапты топан сүмен бірге ағып келген жұлынған тал-терек, қираған ағаш, қамыс, шөп-шалам басып қалған еді. Қысқа уақыт ішінде жағалау тау болып үйіліп қалған қоқыс пен қайраңнан аршылып, қала тұрғындары демалатын ғажайып саябаққа айналды.

Жаппай сенбілікке қала тұрғындары, мемлекеттік қызметшілер, ерікті жастар ұйымдарының жасақтары шыққан. Облыс әкімі бас болып көпшілік жұмысқа жұмыла кірісіп, саябақ аумағын күзгі жапырақтан, қураған ағаштан тазартып, әп-сәтте айналдырып қылып тазартып тастады. Қыз-келіншектер ағаш өткізіп, ер азаматтар қап-қап қоқысты көлікке тиіп жатқанда бір сәттік үзіліс жарияланып, жұмыс басында жүрген қала, басқарма басшылары қала тұрғындарына «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында атқарылған іс-шаралардың жай-жапсарын баяндап, алда атқарылатын жұмыстардың жөн-жосығын айтып берді.

Аталған бағдарлама аясында өңірде кейінгі үш жыл ішінде 94 саябақ, 400-ден астам балалар мен спортсүйер көпшілікке арналған алаң салынған. Алда атқарылар шаруа бұдан да ауқымды. Биыл облыста 77 мың көшет егу, 37 көпбағатты тұрғын үйді қалпына келтіру жоспарланып отыр.



ойын алаңдары, автотұрақ салынды. Ең бастысы, Қайырбеков көшесі мен Абай көшелерінің арасы жаяу жүргіншілерге ыңғайлы етіп байланыстырылды. Темірбаев көшесіндегі 0,7 гектар алаң да абаттандырылып, теміржол вокзалы маңындағы тұрғындар игілігін көріп жатыр. Арыстанбеков көшесіндегі ашық аумақта да балалар ойнайтын, тұрғындар спортпен шұғылданатын алаң пайда болды. Айналасына ағаш отырғызылып, зейнеткерлер отырып демалатын шағын саябақ салынды, деді қала әкімі.

Орман алқабындағы экопарк

Қостанай ауданының әкімі Олжас Нұрғалиев Тобыл қаласындағы «Астана» шағын ауданының маңындағы орман алқабында бұрын-соңды болмаған ғажайып экопарк салынатынын айтты. Экологиялық саябақтың аумағы 43 гектар болады.

«Жобаға сәйкес, қазір автотұрақ салынып жатыр. Келушілер арнайы сәнді арка арқылы өтіп, ересектер мен балаларға арналған ойын-сауық аймағына кіреді. Мұнда балаларға арналған шағын сәулет нысандары, тренажерлер, демалыс орындары болады. Орман ішінде ұзындығы 2,5 шақырымнан асатын жарықтандырылған велосипед және жүгіру жолдары салынады. Тұрғындарға арналған спорт алаңдары пайда болады. Көпфункционалды футбол алаңы, баскетбол және волейбол алаңдары қарастырылған. Бұл парктің басты ерекшелігі – қалың орманның арасында, тұмса табиғат аясында орналасқан. Саябақтың қақпасына кірген соң, небәрі 5 минут жаяу жүрген адам өзін қала сыртында жүргендей сезінеді», деді Тобыл қаласының әкімі.

Тобыл өзенінің арғы бетіндегі «Астана» шағын ауданына тиіп тұрған экопарк Қостанай қаласының тұрғындары үшін де қолайлы. Қостанайдан көлікпен шыққан адам бұл жерге 10-ақ минутта жетіп барады. Парк аумағында жерүсті, жерасты өткелдерін салу қарастырылған.

Облыс әкімі Құмар Ақсақалов аталған саябақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша салынып жатқанын айтты.

«Өткен жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев облыс орталықтарының маңында экопарк болу керек деген тапсырма берген болатын. Бұл жоба Мичурин ауылының маңындағы орман алқабында жүзеге асырылады. Жергілікті бюджеттен арнайы қаржы қарастырылып отыр. Жоба аясында велосипед жолдары, жаяу жүргіншілер аймағы, жарықтандыру, суару жүйесі, спорт алаңдары салынады. Яғни табиғи орман атмосферасы сақтала отырып, заманауи демалыс орны пайда болады. Бұл экопарк облыс тұрғындарының сүйікті демалыс орындарының біріне айналады деп сенемін. Ерекше жоба екені рас, сондықтан жоспарланған шаруаны өз мерзімінде сапалы атқарып шығу қажет», деді Құмар Ақсақалов.

Биыл өңірде «Таза Қазақстан» бағдарламасын іске асыру аясында көпшілік орындарды халыққа қолайлы етуге, саябақтар мен демалыс алаңдарын абаттандыруға, тұрғын үйлерді жөндеуге, спорт алаңдарын салуға 16 млрд теңгеден аса қаражат қарастырылған. Сонымен қатар елді мекендерді көгалдандыру жұмысы да ауқымды кеңейте түспек. Жыл соңына дейін ауылдық, қалалық мекендерде 77,3 мың ағаш егу жоспарланып отыр.

Қостанай облысы

САУАЛЫ МЕН ЖАУАБЫ

Пәтерді қалай жалға беруге болады?



Балжан БАҚЫТҚАЛИҚЫЗЫ,
салық маманы:

– Көп адам пәтерін жалға беру мақсатында міндетті түрде жеке кәсіпкерлік ашып, тіркеу керек деп ойлайды. Бірақ шын мәнінде олай емес. Қазақстан заңнамасы азаматтарға пәтерін жалға беріп, табыс табуға мүмкіндік береді және оған міндетті түрде жеке кәсіпкер ретінде тіркелу талап етілмейді. Алайда бұл жерде бір маңызды шарт бар. Егер жалға беруден түсетін табыс белгілі бір мөлшерден аспаса, адам өзін-өзі жұмыспен қамтыған азамат ретінде жұмыс істей алады.

Мысалы, жалға беруден түсетін табыс 1,3 млн теңгеден аспауы керек. Егер табыс сомадан жоғары болмаса, азамат өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлға ретінде тіркеліп, пәтерін заңды түрде жалға бер алады. Мұндай жағдайда адамның басқа жұмысы бар ма, жоқ па – ол маңызды емес. Яғни сіз жеке кәсіпкер болмасаңыз да, белгілі бір компанияда жұмыс істесеңіз де, тіпті мемлекеттік қызметте жүрсеніз де, пәтеріңізді жалға беріп, табыс табуға құқығыңыз бар.

Заң пәтер санына да нақты шектеу қоймайды. Ең бастысы – жалға беруден түсетін табыс белгіленген шектен аспауға тиіс ері табыс ресми түрде рәсімделуі керек. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар жалға алу төлемін қабылдаған кезде Е-Salyq Business қосымшасы арқылы фискалды чек береді. Сол чек берілген сәттен бастап адамның табысы тіркеледі. Бұл жерде тағы бір жеңілдік бар. Егер азамат өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлға ретінде жұмыс істесе, оған қосымша декларация тапсырудың қажеті жоқ. Себебі фискалды чек соғылған кезде табыс автоматты түрде есепке алынады.

Ал төленетін салық мөлшеріне келсек, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар табысының 4%-ын төлейді. Мысалы, жалға алу ақшасы қаңтар айында қабылданса, сол табыстан есептелген 4% салықты ақпанның 25-іне дейін

төлеу керек. Бұл 4% төлемнің өзі бірнеше бағытқа бөлінеді. Оның бір бөлігі міндетті зейнетақы жарнасына, бір бөлігі жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасына, сондай-ақ әлеуметтік аударымдарға, міндетті жалға беріп, табыс табуға мүмкіндік береді және оған міндетті түрде жеке кәсіпкер ретінде тіркелу талап етілмейді. Алайда бұл жерде бір маңызды шарт бар. Егер жалға беруден түсетін табыс белгілі бір мөлшерден аспаса, адам өзін-өзі жұмыспен қамтыған азамат ретінде жұмыс істей алады.

Айта кететін тағы бір маңызды мәселе, пәтерді жасырын түрде жалға беру – заң бұзу. Егер адам үйін тіркемей, табысын көрсетпей жалға берсе, оған 43 мың теңгеден 65 мың теңгеге дейін айыппұл салынуы мүмкін. Сондықтан тұрғын үйді жалға беру кезінде барлық рәсімді заң аясында жүргізген дұрыс.

Жалға беру кезінде тағы бір маңызды жайт – екі тараптың арасында келісімшарт жасалғаны дұрыс. Бұл құжат пәтер иесі мен жалға алушының құқықтарын қорғауға көмектеседі. Дегенмен мұндай келісімшартты міндетті түрде нотариус арқылы рәсімдеу талап етілмейді. Сонымен қатар пәтер иесі жалға алушының өз үйіне тіркеуі керек. Бұл – заң талаптарының бірі. Осы арқылы жалға алушының нақты сол мекенжайда тұратыны ресми түрде белгіленеді.

Қазір елімізде тұрғын үйді жалға беру – кең тараған табыс көздерінің бірі. Ресми дерек бойынша, елде пәтер жалдаудың орташа бағасы 1 шаршы метр үшін 3 417 теңгені құрайды. Қалаларда айырмашылық айтарлықтай. Мысалы, ең қымбат жалға беру нарығы Алматыда тіркелген. Бұл қалада бір бөлмелі пәтердің орташа бағасы шамамен 220 мың теңге. Астанада мұндай пәтерді шамамен 200 мың теңгеге жалдауға болады. Ал ең төмен бағалардың бірі – Тараз қаласында, онда бір бөлмелі пәтерді шамамен 85 мың теңгеге табуға болады.

Дайындаған –
Елігімай ТӨНҚЕР,
«Egemen Qazaqstan»

ИГИС

Трамвай паркінде – жаңа вагондар

Трамвай – Павлодар шаһарының рәмізіне айналып үлгерген көлік. Рельсті көлік экологиялық жағынан да қауіпсіз. Облыс билігі вагондарды жаңартып, шеткері шағын аудандарға автономды трамвайлар жүргізу жобасына белсене кірісті.

Мұрат КАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Ел бойынша Павлодар, Өскемен, Теміртау қалаларында ғана трамвай жүреді. Алматыдағы трамвай паркі 2015 жылы жабылып қалған. Павлодарда рельсті көліктің келешегі зор. Олай дейтініміз, облыс билігі мен жергілікті трамвай паркі экологиялық жағынан тиімді көлікті дамытудың жолдарын іздестіріп жатыр. Ең әуелгі мақсат – парктегі ескірген вагондардың орнына жаңаларын сатып алу.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірімізге жұмыс сапарымен келгенде Павлодар қаласындағы трамвай жүйесін дамытуды жалғастырып, құрамдарды жаңартуды жеделдету қажеттігін тапсырған еді. «Меніңше, Павлодарда трамвайды сақтап қалу қажет. Егер қажет болса, жолдарды жаңғыртып, жаңа, дыбыссыз, трамвайлар сатып алу керек шығар. Бірақ трамвай – өзінше тартымды көлік түрі. Еуропаның көптеген дамыған қаласында трамвайлар кедергісіз жүреді. Бұл – жергілікті тұрғындар ұнататын экологиялық және ыңғайлы көлік. Трамвай жүйесін дамытуды жалғастырып, құрамдарды жаңартуды жеделдету керек» деген еді Президент.

Павлодар қаласындағы трамвай жолдарының жалпы ұзындығы бүгінде 90 шақырымды құрайды. Көлік кәсіпорнының иелігіндегі 100-ден астам вагон жолаушыларға үзбей қызмет көрсетіп, ұйым ендігі арада жаңа бағыттарды ашуға талпынып отыр.

Жуықта «Д.Махмұдов атындағы Павлодар қаласының трамвай басқармасында» Беларусь елінен жеткізілген 10 жаңа трамвай вагонның алғашқы 4 вагоны таныстырылды. Барлық вагондар қауіпсіздік пен жайлылықтың заманауи жүйелерімен, салондағы температураны автоматты реттеу, бейнебақылау жүйелерімен жабдықталған әрі мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға барынша бейімделген. Жаңа трамвайлардың ескілерімен салыстырғанда сыйымдылықтары да жоғары, бір мезетте 36 адам адам отырса, тағы 120 адам тұреп тұрған күйі жол жүре алады.

Трамвай паркінің мәліметінше, қазір трамвай желісінде 109 трамвай қатынайды, оның ішінде 70 вагонның пайдалану мерзімі өткен. Алдағы бірнеше жылда ескірген 65 вагонды ауыстыру, қалғандарын кезек-кезеңімен жаңғырту жоспарланып отыр.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, біз трамвайларды сақтап қана қоймай,

оларды одан әрі дамытамыз. Бұл – экологиялық жағынан таза, павлодарлықтар мақтан тұтатын өз ырығы бар тіршілік тынысы. Бүгін жаңа трамвайдың біріне мініп, ерекше әсер алдым. Биыл біз Беларусь елінен 10 вагон сатып алдық, оның 4-еуі қалаға жеткізілді. Алдағы уақытта 109 вагонның 65-ін жаңартып, қалғандарын жаңғырту көзделген. Сонымен қатар Достық шағын ауданында жаңа трамвай желісінің құрылысы басталады. Жаңа трамвайлар жайлылығымен, кеңдігімен, тыныш жүрісімен ерекшеленеді. Әрі 20 шақырымға дейін автономды жүре алады. Сонымен қатар қалаға жаңа әрі заманауи 15 автобус жеткізілді. Олар №18, №27 бағыттарына шығарылады. Экологиялық Еуро-5 стандартына сай келетін бұл көліктерді Павлодар автокомбинаты сатып алды. Жалпы алғанда, Павлодардың автобус паркі толықтай жаңартылды дегуге негіз бар. 2022 жылдан бері 260 автобус алынып, бүгінде олар қала тұрғындарының жайлылығына қызмет етеді, – деп атап өтті облыс әкімі Асайын Байханов.

Өңір басшысының айтуынша, жаңа трамвайлар жаңа бағытты іске қосуға да мүмкіндік береді. Биыл Достық шағын ауданында ұзындығы 5 км болатын жаңа трамвай желісінің құрылысы



Суретті түсірген – Валерия БУТЛЕР

басталмақшы. Жаңа желі бойынша мердігер анықталған, жер жағдайы мүмкіндік берген бойда іске кіріседі. Жоба техникалық тұрғыдан күрделі болғандықтан, оны келесі жылы жаздың соңына дейін толық аяқтап, пайдалануға беру жоспарланып отыр. Аумақта электрлі байланыс желілерін ұстап тұратын бетон бағандар салудың қажеттілігі жоқ көрінеді. Трамвай паркінің хабарлауынша, аталған бағытта жаңа әрі автономды түрде жұмыс істейтін вагондар жолға шығады. Шаһардың оңтүстік-батыс бөлігінде жаңадан салынып жатқан Достық шағын ауданына келер жылы трамвай көліктерінің жүре бастайтыны туралы жаңалық жергілікті тұрғындарды қуаныттып отыр.

Тағы бір атап өтетін мәселе, Екінші Павлодар шағын ауданында трамвай жүргізу көптен

бері қозғалып келе жатыр. Себебі бұл аумақтағы тұрғындар автобус маршруттарының аздығына, олардың межелі уақытынан көп кешігетініне жиі шағымданып отыр еді. Әсіресе қыс мезгілінде проблема көп туындайды. Егер трамвай тармағы салынса, жолаушылардың жүріп-тұруы жеңілдей түседі.

Жалпы, кейінгі жылдары облыс орталығындағы көше жолдарының инфрақұрылымы заманға сай реттелеп келеді. Мәселен, биыл жалпы ұзындығы 45 км болатын 22 көшеге орташа жөндеу жүргізу жоспарланған. Оның ішінде қаланың негізгі магистральдары – Академик Сәтбаев, Катаев, Қайырбаев, Кривенко, Мәшһүр Жүсіп, Бұқар жырау, Естай көшелері мен тағы да басқа аумақтар қамтылған.

Ал Ертіс өзені үстімен өтетін жаңа көпірдің құрылысы бүгінде

40 пайызға орындалған. Жаңа көпірдің аралықтарын қыркүйек айында түйістіру жоспарланып отыр. Қазір көпірдің бірнеше тірегіне 276 метрлік аралық құрылымдар орнатылғанымен, әзірше өзара жалғанбаған. Құрылысқа жалпы саны 288 адам мен 88 арнайы техника жұмылдырылған.

– Қыркүйек айында барлық аралық құрылымы түйістіруді жоспарлап отырмыз, одан кейін болат арқандарды тарту жұмыстары басталады. Сондай-ақ әрбір аралық құрылымына биіктігі 20 метр болатын пилондар бар. Бұған қоса, аспалы (вантты) жүйе орнатылып, екі жағынан 10 болат арқандан тартылады, – дейді «ВГ Group» компаниясының жол инфрақұрылымы дивизионының техникалық директоры Қанат Көшербаев.

Барлығы ойдағыдай болса, қазан айында көпірде асфальт төсеу және абаттандыру жұмысы басталады. Атап айтқанда, жарық шамдары мен қоршаулар орнатылып, жаяу жүргіншілер жолы салынады. Бұған қоса жаңа көпірді сәндік жарықпен безендіру де жоспарда бар. Ол үшін «Philips» компаниясы тартылған. Жоба аясында көпірдің төменгі бөлігіне, аспалы арқандары мен қоршауларына динамикалық жарық жүйесін орнату қарастырылған.

Павлодар облысы

Ғылым баспалдағы оқушыны жетілдіреді

Келешекте ең қымбат валюта мұнай да, алтын да емес, кәдімгі су болуы кәдік. Тіршілік көзіне сұраныс артқан сайын саяси және экономикалық шиеленіс шырғып барады. Сарапшылардың дерегіне, 2040 жылыға қарай суға деген жаһандық сұраныс 40 пайыздан асып кетуі ықтимал. Бұл жағдайда су ресурсын тиімді басқаратын жаңа технологияның маңызы арта түседі.

**Абзал МАҚАШ,
Бекзат ҚҰЛШАР,
«Egemen Qazaqstan»**

Ал мұндай технологиялардың пайда болуы экологиялық мәдениеті қалыптасқан жас ұрпақтың тәрбиесіне тікелей байланысты. Осы ойдың растығын «Жердегі ең басты ресурс – су» деген тақырыпта өткен ғылыми фестивальға барып анық аңғардық.

Сол күні ЭКСПО алаңында халық ерекше көп болды. Павильонның сыртында қолдан жасалған макеттерін мәселелі көтерген оқушыларды көрдік. Ата-аналары да қасында. Шамасы, фестиваль аспан астында өтеді екен ғой деп ойлап үлгердік. Жоқ, жақындасақ олай емес екен. Сырттағы қараңқұраң кісілер жобаларын таныстыруға кезекке тұрған қатысушылар болып шықты. Негізгі көрініс іште қайнап жатыр. Кіріп барсақ, тамшының бейнесіндегі аниматорды бір топ бала алқалап алыпты.

Жандарына барып құлақ түріп едік, әлі тамшы судың қасиетін баяндап тұр: «Мен – тіршілік көзімін. Өсімдіктер де, адам да, жануарлар да менсіз өмір сүре алмайды. Мен екі кішкентай бөлшектен тұрамын. Бірі – сутегі, бірі – оттегі. Сутегі – жеңіл, көзге көрінбейтін газ. Оттегі – тыныс алуға қажет ауа. Осы екеуі қосылғанда мен пайда боламын», деп балаларға қарапайым тілмен түсіндіріп тұр. Айттып жатқаны сол еді кішкентай бұддірін «тамшыны» құшақтай алды. Тамшы да оған құшағын айқара ашты. Алқалап тұрған балалар қарап тұрсын ба? Тамшыны құшақтауға олар да тұра ұмтылды.

Сол сәтте риясыз көріністің күзегі болдық. Балалар «тамшыны» ғана емес, тұтас табиғатты құшақтағандай әсер қалдырды. Сірә, суға деген құрмет те, жауапкершілік те дәл осындай қарапайым сүйіспеншіліктен басталса керек. Экологиялық мәдениет те оқулықтағы анықтамамен емес, жүректен шыққан ықыласпен қалыптасады. Ғылым да жалаң есептен емес, қызығушылықтан, таңданыстан, ең бастысы, махаббаттан туады ғой. Осындай сәулелі сәттер «PRO.NRG FEST» фестивалінің әр павильонында болып жатыр.

Бұл – елімізде бесінші рет ұйымдастырылып отырған отбасылық ғылыми фестиваль. Басты ерекшелігі – ғылымды күрделендірмей, қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізудің. Мұнда формула мен теория құрғақ күйінде ұсынылмайды, керісінше тәжірибе, ойын, интерактив арқылы көпшілікке ұғынықты түсіндіріледі. Фестиваль алаңында бала да, ата-ана да өзіне қызық бағытты тауып, білімін жетілдіре алады. Бірі тәжірибе жасап көрсес, енді бірі жаңа технологиямен танысады. Осы арқылы ғылым отбасының ортақ әңгімесіне, күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналады.

Фестиваль «Caravan of Knowledge» корпоративтік қоры мен «Шеврон» компаниясының демеушілігімен ұйымдастырылған. «Шеврон Еуразия» президенті Дерек Магнесс «PRO.NRG FEST» ғылымды халыққа жақындататын орта екенін, жасампаз жастардың кеңістігі екенін атап өтті. «Қазір технологиялық, экологиялық, әлеуметтік өзгерістер үдей түскен кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Мұндай уақытта ең қажет қасиеттердің бірі – қызығушылық пен ізденіс. Адам бір нәрсеге қызыққан кезде ғана сұрақ қояды, ал сұрақ – ғылымның бастауы. Фестивальдың басты артықшылығы – білімді тәжірибе

арқылы ұсыну. Мұнда оқушылар тыңдаушы күйінде қалмайды, дәріскермен рецепциялық байланысқа түсіп, жаңа дүниені өз қолымен жасап көреді. Осындай орта олардың ойлау көкжиегін кеңейтіп, айналаға ғылыми көзбен қарауға үйретеді. Мектеп оқушылары қоршаған ортаны ынта-шынтықпен зерттегені дұрыс. Ал педагогтер мен ұйымдастырушылардың білімді өмірмен ұштастыра білген еңбегі ерекше құрметке лайық. Білім – емтиханға дайындық ғана емес, өмірге дайындықтың негізі», деді ол.

Расында, білімнің басы – белгісіздік. Шыр етіп туган нәресте, Абай айтпақшы, көрсем, білсем деп тұрады. Уақыт өте келе қызығушылығы төмендеп қалады. Мұғалім мен ата-анасы баланың сол ықыласын өшіріп алмауға барын салады. Фестиваль да ғылыми тереңдіктен гөрі, балаларды оқу-білімге қызықтыруды мақсат еткені анық көрінді. Бөлмедегі жарықтың қалай жанатынын, судың қайдан келетінін, гаджеттің қалай жұмыс істейтінін баланы ойландыруға тиіс. Семитика саласының білгірі Юрий Лотман ғылым дәл осы үдерісте басталатынын айтады. «Ғылым белгісіз нәрсені зерттеуден емес, белгілі нәрсенің белгісіз қырларын танып білетіндігі» деген еді. Осы олардың жетегінде тұрғанымызда, көзіміз «Sana» білім орталығының алаңқайына түсті. Аружан есімді орталық өкілі оқушыларының жетістігін таныстырып тұр екен.

«Біз балаларды оқытып қана қоймай, жан-жақты дамытуға мән береміз. Өдетте ата-аналар балаларын бірнеше үйірге береді. Бір үйірге екіншісіне жақын орналаса бермейді. Бірі қаланың арғы жағында болса, бірі бергі жағында дегендей. Ал біздің орталықта бала әртүрлі үйірге қадам аттап қатыса береді. Ағылшынның тәмамдай сала музыкаға, одан шыға бере жүзуге жүгіреді. Сонымен қатар тамақ пісіріп, кесте тігуді үйрететін үйірмелер де жоқ емес. Осы арқылы баланың бос уақытын толтырып, баланың кешенді дамуына ықпал етеміз. Бірақ, әлбетте, балалардың ғылымға бой ұруына басымдық беріледі. Қазір оқушыларымыз халықаралық байқауларда топ жарып жүр. Мәселен, 10-сынып оқушысы Әмірхан Елубай су астындағы қоқыстарды теретін құрылғы ойлап тауып, республикалық байқауда жеңімпаз атанды», деп әрірек тұрған баланы нұсқады.

Пәлі, бұл деген тамаша ғой! Әлемдік байқауда әйгіленген жас талантты біз де әңгімеге тарттық. «Біз роботтехникамен айналысамыз, нақтырақ айтсақ, су астындағы робот жасап жатырмыз. Осы жобамен Дубайда өткен халықаралық жарыста бірінші орын алдық, соның нәтижесінде Америкада өтетін жарысқа жолдамаға ие болдық, қазір соған дайындалып жатырмыз. Біздің робот моторлар арқылы жұмыс істейді. Сол және оң жақ моторлары бар, қосымша төмен қарай қозғалуға арнаулы мотор тағы орнатылады. Робот пластик трубалардан жасалған, сымдарын өзіміз тартып, толық құрастырдық. Негізгі міндеті – су астындағы заттарды көтеріп, басқа жерге орналастыру, яғни қоқысты жинап, тазарту жұмысын жүргізу. Қазір роботта камера бар, ол бейнені телефонға немесе ноутбукке жібереді, оператор оны көріп, пульс арқылы басқарады. Ал болашақта толық автономды режимге көшіріміз келеді. Яғни робот өзі анықтап, өзі жинайтын деңгейге жеткізіміз», деді Әмірхан. Біз осы бағытта жасалған басқа да жобаларды қарастырып көрген-көрмегенін сұрадық.

«Басқа елдерде де осындай жобалар



бар, көбінде тор қолданылады, ал бізде арнайы қармауыш бар, ол ірі заттарды, мысалы бөтелкелерді көтеруге ыңғайлы. Болашақта мұндай технологияларды Каспий теңізі сияқты аймақтарда қолдануға болады деп ойлаймыз», деді жас талап. Осы бір жинақы пікірдің өзінен-ақ жас өнертапқыштың ойы жүйелі, мақсаты айқын екені аңғарылады. Оның сөзіне қарағанда, жоба тек жарысқа емес, нақты экологиялық мәселені шешуге

Қоқыс мәселесі өте өзекті. Әсіресе пластик қалдықтар табиғатта ұзақ сақталып, түрлі эолмен адам ағзасына енеді. Ол су арқылы, тағам арқылы, тіпті күнделікті тұрмыста да азғаға түсуі мүмкін. Мұндай мәселені бір ғана ел шеше алмайды, бұл – бүкіл әлемге ортақ проблема. Сондықтан әр адам қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарап, қалдықтарды азайтуға үлес қосуы керек.

бағытталған. Бүгінде құрылғы толықтай адам басқаруында жұмыс істейді. Дегенмен оның ар жағында үлкен жоспар тұр. Автономды жүйеге көшу – техникалық жетілдіру ғана емес, жасаңды интелект элементтерін енгізу деген сөз.

Осы тұста ресми жиында сөз алған Оқу-ағарту вице-министрі Жайық Шарабасов фестивалдың мән-маңызына кеңінен тоқталды. «PRO.NRG FEST – өскелең ұрпақтың ғылыми ойлауын дамытып, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды жоба. Мемлекет басшысы озық ойлы ұлт қалыптастыру міндетін қойып отыр. Осыған байланысты мектеп оқушыларын ғылымға тарту, олардың ізденіс дағдыларын дамыту ерекше маңызға ие. Сонымен қатар табиғатқа жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру да – білім жүйесінің басты бағыттарының бірі. «PRO.NRG FEST»

сияқты жобалар білімді тәжірибеміз ұштастырып, оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыруға, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін нығайтуға ықпал етеді», деді.

Фестивальдың тағы бір ерекшелігі – ғылым мен өнердің өзара тоғысуы. «Art&Science» секциясында шығармашылық индустрия өкілдері ғылыми идеялардың өнерге ықпалын талқылады. Эколог Ботақоз Сәдібекова «Орнықты сән: ғылым, өнер және табиғат тоғысында» тақырыбында баяндама жасап, бүгінгі индустриядағы өзекті мәселені көтерді. «Сән индустриясының салдарынан жыл сайын шамамен 92 миллион тонна тоқыма қалдығы жиналады. Тіпті әр секунд сайын жүк көлігіне тең киім қоқысқа тасталады. Егер бұл үрдіс тоқтамаса, мәселе ұшыға түседі. Сондықтан әрбір бұйымға ұқыпты қарап, ресурсты үнемді пайдалануымыз қажет. Өйткені олардың да шегі бар», деді ол. Фестиваль жас ғалымдар мен зерттеушілердің өз жаңалықтарын көпшілікке таныстыратын ашық алаңға айналғаны да байқалды. Биылғы бағдарлама аясында физика, математика, химия, биология және астрономия бағыттарында мазмұнды дәрістер ұйымдастырылды. Соның бірі – №134 мектеп-лицейінің жоғары сынып мұғалімі Евгений Солоницынның «Суда қанша мате-

жолмен адам ағзасына енеді. Ол су арқылы, тағам арқылы, тіпті күнделікті тұрмыста да азғаға түсуі мүмкін. Мұндай мәселені бір ғана ел шеше алмайды, бұл – бүкіл әлемге ортақ проблема. Сондықтан әр адам қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарап, қалдықтарды азайтуға үлес қосуы керек», деді.

Фестиваль бағдарламасы ғылыми дәрістермен ғана шектелмеді. Келушілерге түрлі интерактивті шоулар ұсынылды. «Мұздату сиқыры» крио-шоуы көрерменді ерекше тәжірибелермен таңғалдырса, елордалық «Sintez» эксперименттік театры Всеволод Мейерхольд әдістемесіне негізделген «Сыртқандан ішке қарай» атты гиперинтерактивті шоу-перформансын сахналады. Сонымен қатар Абай Құнанбайұлының 17-қарасөзінің желісімен қойылған «Адам тіршілігінің формуласы» атты заманауи қойылым да көпшілік назарына ұсынылды.

Фестивальдың маңызды бөлігінің бірі – «Астана дарыны» орталығымен бірлесіп өткен 8–11-сынып оқушылары арасындағы «Ғылымдағы дебют» ғылыми жобалар конкурсының финалы. Биыл су тақырыбына арналған 100-ден астам жоба ұсынылып, олар төрт бағыт бойынша сараланды. Қатысушылардың маңызды жобалары қызығушылардың мақалалары мен түрлі зерттеу жұмысын таныстырды. Нәтижесінде, үздік жобалар анықталып, жеңімпаздар марапатталды. Биылғы фестивальдың тағы бір жаңалығы – астрономиялық бақылау кеші. «Astro Astana» мектебінің негізін қалаушы Артур Гайдуков жетекшілігімен келушілер телескоп арқылы Юпитерді, сондай-ақ Мицар мен Алькор қос жұлдыздарын тамашалады. «Бұл фестивальдың негізгі тақырыбы – су. Бұл ресурстың ғылым, математика, физика, экология, дизайн және астрономиямен қалай байланысатынын көру қызықты. Ғарыштық зерттеулер тұщы судың жаңа көздерін табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар су тек Жерде ғана емес, басқа ғаламшарларда да түрлі күйде кездесуі мүмкін», деді.

Осылайша, ЭКСПО алаңында өткен ғылыми фестиваль жаңалық пен технологияның көрмесі болғанымен қатар, отбасылық құндылық пен тәрбиенің де мөйегіне айналған орта болды. Мұнда ата-ана мен бала қатар жүріп, бірге тәжірибе жасап, бірге таңданып, бірге үйренді. Бала ғылымды кітаптан емес, ата-ананың жанында тұрып, өз көзімен көріп, қолымен ұстап таныды. Осындай сәттерде ғылым отбасының ортақ әңгімесіне, ортақ қызығушылығына айналады. Бәлкім, ертең үлкен жаңалық ашатын жас зерттеушінің алғашқы сұрағы дәл осы алаңда, ата-анасының жанында туган болар.

Кәсіптің өзгерген келбеті

Адамзат тарихында кез келген өзгеріс тудыратын жаңа технология алдымен келешекке деген зор үміттен бұрын, қол еңбегіне сүйенген қарапайым жұмысшыларға қауіп көрінетін. Бүгінгі жасанды интелект – сол ескі қорқыныштың заманауи көрінісі.

XIX ғасырдың басында Англиядағы тоқыма фабрикасында түн ішінде ашулы жұмысшылар зауытқа басып кіріп, жаңа орнатылған машиналарды талқандай бастаған. Оларға бұл темір құрылғылар жай ғана техника емес, күнкөрістің жауы еді. Бұл тарихта «уддиттер қозғалысы» деген атпен, адамзат алғаш рет технологиядан шын мәнінде қорыққан сәт ретінде қалды. Бірақ уақыт өте келе машиналар адамды толық алмастырған жоқ. Керісінше, өндіріс көбейіп, бұрынғы мамандықтар

жай ғана келесі сипатқа өтті. Бірнеше онжылдықтан кейін үлкен өзгеріс ретінде қалаларға телефон келді. Сол кезде телеграфшылар мен хат тасушылар арасында үлкен алаңдаушылық пайда болған болатын. «Енді хат жазатын адам қалмайды» деген пікірлер сол дәуірдің баспасөзінде жиі жарық көрді. Алайда тарих тағы да басқа бағытта өрбіді. Телефон байланыс құралын ғана өзгертпеді, ол жаңа кәсіптерге жол ашты. Байланыс операторлары, техникалық мамандар, диспетчерлер мұның бәрі жаңа дәуірдің мамандықтары

еді. Ақпарат жылдамдаған сайын экономика да жанданды. Демек, технология жұмыс орнын жойған жоқ оны қайта жандандырды.

XX ғасырдың ортасына қарай тағы бір үрей пайда болды. Бұл жолы «жау» – компьютер еді. Көпшілік оны адам еңбегінің орнын басатын күш деп қабылдады. Болашақ «жұмыссыз қоғам» болады деген болжамдар да айтылды. Бірақ бұл қорқыныш та уақыт өте сейілді. Компьютер адамды алмастырған жоқ, керісінше оның мүмкіндігін кеңейтті. Жаңа салалар, жаңа кәсіптер, жаңа дағдылар пайда болды. Адам еңбегі жойылмады, жаңа деңгейге көтерілді.

Сарапшылар да бұл үрдістің заңдылық екенін атап өтеді. Мәселен, Дүниежүзілік экономикалық форумның (World

Economic Forum) зерттеулеріне сәйкес технология кейбір жұмыс орындарын қысқартқанымен, сонымен қатар жаңа мамандықтардың пайда болуына жол ашты. Ұйымның болжамына, алдағы жылдары автоматтандыру нәтижесінде миллиондаған жұмыс орны жойылғанымен, одан да көп жаңа қызмет түрлері қалыптасады.

Ал экономистердің пікірінше, мәселе жұмыс орындарын жойылуында емес, олардың құрылымдық өзгеруінде. Зерттеушілер қазіргі кезеңді «дағдылар трансформациясы дәуірі» деп сипаттайды. Яғни сұранысқа ие мамандықтар өзгергенімен, еңбекке деген қажеттілік сақталады.

Бүгінгі қоғам дәл сондай

тарихи кезеңнің тағы бір белесінде тұр. Бұл жолы өзгерістің қозғаушы күші – жасанды интелект. Кейбір сарапшылар оның келуімен бірге қатар дәстүрлі мамандықтың маңызы төмендеуі мүмкін екенін айтады. Алайда көпшілік зерттеулер технологияның адамды толық алмастырмайтынын көрсетеді.

Мысалы, журналистика саласы бұрын мәтін жазумен шектелсе, бүгінгі журналист дерек тапайды, мультимедиялық контент жасайды, аудиториямен цифрлық платформалар арқылы жұмыс істейді. Сол сияқты есепші мамандығы да өзгеріп келеді: есеп жүргізу автоматтанған сайын олардың ролі қаржылық талдау мен стратегиялық шешімдер қабылдауға ойыса бастады.

Халықаралық еңбек ұйымының

(ILO) мәліметтері де осы пікірді қуаттайды. Ұйым сарапшылары технология дамыған сайын жаңа дағдыларға сұраныс артаатынын, ал бейімделе алған мамандар еңбек нарығында ұтатынын алға тартады.

Бүгінгі жасанды интелект – те сол ұзақ тарихи тізбектің жалғасы. Сондықтан мәселе технологияның келуінде емес. Мәселе, адамның өзгеріске қалай жауап беретінінде. Өйткені уақыт дәлелденген бір ақиқат техника дамыған сайын адам еңбегі жойылмайды, жаңа мазмұнға ие болады.

Рамазан ОРЫНБАСАР,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің студенті

АЛАҢДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Ертіс ластанбасын деңіз...



Суретті түсірген – Ертіс ОМАР, «ЕО»

Әлеуметтік желіде Ертіс өзенінен бөлініп ағатын Жылы ағыс сағасының мұнай өнімдерімен ластанып, су бетінде май қабаты түзілгені туралы бейнежазба тарап жатыр.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«Мына жағдайды көріп, төбе шашымыз тік тұрды. Судың бетінде түгелдей майлы қабат түзілген. Судан бензин мен мұнай өнімдерінің иісі шығып тұр. Бұл жай ғана

қоқыс немесе лай су емес, нағыз ластануға ұқсайды. Біз Ертіске жыл бойы үнемі келіп тұрамыз. Ертіс – өлкедегі басты су арнасы. Бұл – су, табиғат, экожүйе, адамдардың денсаулығы», деп алаңдаушылығын білдіреді бейнежазбаны түсіруші адам.

Облыстық экология

департаментінің мамандары өзен сағасынан сынама алып, тексеретінін мәлім етті. Халық аузында Жылы ағыс деп аталатын өзен сағасы қыс бойы қатпай, буы бүркырап жатады. Себебі бұл өзеннің суын Ақсу қаласындағы ГРЭС өз өндірісін суытуға пайдаланады. Ертістен жырылып

Бет қатталып жатқанда:

Павлодар облысы экология департаментінің мамандары Ертіске құятын «Жылы ағыс» сағасынан алынған сынаманы зертханалық сынақтан өткізіп, өзен суы таза деген қорытынды шығарғанын мәлім етті.

ағатын өзен сағасы электр стансасына салқын күйінде еніп, одан айтарлықтай қызып шығады. Осылайша, ол төменгі жаққа жылы күйінде ағып, Ертіс өзеніне қайтадан қосылады.

Жылы ағыс – Ертіс өзенінің маңызды сағасы. Оның суы Ақсу ГРЭС-інде ластанушы тетіктермен немесе өндіріспен жанаспайды, жабықтарды суытуға ғана пайдаланылады. Яғни кәсіпорын өзен суын ластанушы зат бөлмейді. Біздің мамандар бейнежазбаны көрді. Зертхана мамандары Жылы ағыстан сынама алады. Су құрамын зерттеудің өзіндік әдіс-амалдары бар. Ол шамамен 5 тәулікке ұласуы мүмкін. Өзен суының неден ластанғаны содан соң ғана белгілі болады», дейді облыстық экология департаменті басшысының орынбасары Әсет Сыздықов.

Ертіс өзенінің суын үш бірдей мемлекет – Қытай, Қазақстан, Ресей елдері пайдаланады. Өзеннің төменгі ағысында Павлодар облысының Павлодар, Ақтоғай, Терекөл, Ертіс, Железин аудандары орналасқан. Бұл аумақтардың халқы өзен суын егін, мал шаруашылығына кеңінен пайдаланып отыр.

Павлодар облысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Almaty Tau Management» ЖШС «Алматы тау кластерінің Орталық аймағында тау шаңғысы инфрақұрылымының құрылысы, оның ішінде аспалы арқан жолдарын, сырғанау трассаларын және қарды жасауды түрде жасау жүйелеріне арналған сумен жабдықтау жүйелерін салу («Пик Чкалова», «Сухой Лог», «Кимасар», «Ой Qaragai – Пионер», «Пионер – Бутаковка»)» қоршаған ортаның жай-күйіне ықтимал әсерлері туралы есептің жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.

Жоба бастамашысы: «Almaty Tau Management» ЖШС, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, И.Байзақов көшесі, 303, БСН: 230640037681, тел.: 8 701 233 33 19, Erk1204@bk.ru

Нысанның орналасқан орны: Алматы облысы Алматы қаласы. Әсер ету аймағы: Алматы облысы Талғар ауданы Бесқайнар ауылы. Алаңның географиялық координаттары: [43.100277326534666, 77.13478223663037] [43.10360350544544, 77.12768680392745] [43.20661199058624, 77.14150707042798]

Тыңдау өтеді: 26.05.2026 ж. сағат 10.00-де, Алматы облысы Талғар ауданы Бесқайнар ауылы Бесқайнар ауылдық округі әкімдігінің конференц-залы, онлайн қосылу: <https://us06web.zoom.us/j/8613431471?pwd=UXZ5S5ZU0a0hHRUJZSU5YR3F3UjQUT09&omn=85186585953>

Конференция идентификаторы: 861 343 1471
Кіру коды: 123456zoom

Қоршаған ортаның жай-күйіне ықтимал әсерлер туралы есептің жобасын әзірлеуші: «ABC Engineering» ЖШС, abc_engineering@inbox.ru; 8 705 576 46 87.

Құжаттама порталда орналасқан <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> және интернет-ресурс <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana-upr> Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжайда қабылданады: «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ, Алматы қ., Республика алаңы, 4; uprtrp@mail.ru; +7 (727) 338 32 15.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Almaty Tau Management» сообщает о проведении общественных слушаний по проекту отчета о возможных воздействиях на состояние окружающей среды «Строительство горнолыжной инфраструктуры, в т.ч. подвесных канатных дорог, трасс для катаний и водоснабжения для систем оснежения в Центральной зоне Алматинского горного кластера («Пик Чкалова», «Сухой Лог», «Кимасар», «Ой Qaragai – Пионер», «Пионер – Бутаковка»).

Инициатор: ТОО «Almaty Tau Management», г. Алматы, Бостандыкский район, улица И.Байзақова, дом №303, 230640037681, 8 701 233 33 19, Erk1204@bk.ru

Адрес расположения объекта: Алматинская область, город Алматы. Территория воздействия: Алматинская область, Талгарский район, с.Бесқайнар.

Географические координаты участка: [43.100277326534666, 77.13478223663037] [43.10360350544544, 77.12768680392745] [43.20661199058624, 77.14150707042798]

Слушания состоятся: 26.05.2026г. 10.00 ч, Алматинская область, Талгарский район, с.Бесқайнар, конференц-зал акимата Бесқайнарского сельского округа, в формате ВКС:

<https://us06web.zoom.us/j/8613431471?pwd=UXZ5S5ZU0a0hHRUJZSU5YR3F3UjQUT09&omn=85186585953>

Идентификатор конференции: 861 343 1471
Код доступа: 123456zoom

Разработчик проекта отчета о возможных воздействиях на состояние окружающей среды: ТОО «ABC Engineering», abc_engineering@inbox.ru; 8 705 576 46 87.

Документация размещена на портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana-upr> Замечания и предложения принимаются: ГУ «Управление экологии и окружающей среды города Алматы» г.Алматы, площадь Республики, 4; uprtrp@mail.ru; +7 (727) 338 32 15.

«Қазақмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) (Атқарушы органың орналасқан орны: Ұлытау облысы Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев алаңы, 1-ғимарат, пошта индексі: М13Д2Х1) өз қатысушыларына Серіктестік Басқармасының бастамасы бойынша 2026 жылғы 20 мамырда сағат 11.00-де Астана қаласы, Тұран даңғылы, 37/10, 13-қабат мекенжайы бойынша Серіктестікке қатысушылардың кезекті жалпы жиналысы (бұдан әрі – Жиналыс) бетпе-бет нысанда өтетінін хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу 2026 жылғы 20 мамырда жиналыс өтетін орын бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Дауыс беруге қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2026 жылғы 19 мамырдағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.

Жиналыстың күн тәртібі:

- 1) «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Басқарма мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Басқарманың жаңа мүшесін сайлау туралы;
- 2) Іс басындағы Тексеру комиссиясының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-ның Тексеру комиссиясы туралы ереженің күші жойылды деп тану туралы;
- 3) «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы.

Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Серіктестіктің Атқарушы органының орналасқан орны бойынша танысуға болады.

Жиналыс «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және Серіктестіктің Жарғысында айқындалған тәртіпте өткізіледі. Жиналыс ашылғанға дейін Серіктестікке келген қатысушыларды (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Қатысушылардың өкілдері Жиналысқа қатысуға және дауыс беруге өздерінің өкілеттігін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс. Тіркемеген қатысушы (қатысушының өкілі) қворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқылы емес. Жиналыста Жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлау өткізіледі. Күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылағанға дейін Жиналыс қворумды белгілейтін болады. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс берудің ашық нысаны көзделеді. Жиналыста дауыс беру кезінде Серіктестіктің әрбір қатысушысының Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесіне сәйкес келетін дауыс саны болады. Жиналыс хаттамасы өткізілгеннен кейін он күн мерзімде ресімделеді. Жиналыстың хаттамасына Жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Егер Жиналыс көрсетілген күні өтпесе, Серіктестікке қатысушылардың кезекті жалпы жиналысы 2026 жылғы 21 мамырда сағат 11.00-де Астана қаласы, Тұран даңғылы, 37/10, 13-қабат мекенжайы бойынша қайтадан өтеді.

Жиналыс Заңның 42-49-баптарына сәйкес өткізіледі.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Корпорация Казахмыс» (далее – Товарищество) (местонахождение Исполнительного органа: область Улытау, город Жезказған, площадь Қаныш Сәтбаев, здание 1, почтовый индекс: М13Д2Х1) уведомляет своих участников, что по инициативе Правления Товарищества 20 мая 2026 г. в 11.00 ч. по адресу: город Астана, проспект Туран, 37/10, 13 этаж, состоится очередное общее собрание участников Товарищества в очной форме (далее – Собрание).

Регистрация участников будет осуществлена 20 мая 2026 г. по месту проведения Собрания с 9 часов 30 минут до 10 часов 45 минут.

Список участников, имеющих право принимать участие в голосовании, составляется по состоянию на 00 часов 00 минут 19 мая 2026 г.

Повестка дня Собрания:

- 1) О досрочном прекращении полномочий члена Правления ТОО «Корпорация Казахмыс» и избрании нового члена Правления;
- 2) О досрочном прекращении полномочий действующей Ревизионной комиссии и признании утратившим силу Положения о Ревизионной комиссии ТОО «Корпорация Казахмыс»;
- 3) Об утверждении Устава ТОО «Корпорация Казахмыс» в новой редакции.

С материалами по вопросам повестки дня Собрания можно ознакомиться по месту нахождения Исполнительного органа Товарищества.

Собрание проводится в порядке, определенном Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон) и Уставом Товарищества. Перед открытием Собрания будет проведена регистрация прибывших участников Товарищества (их представителей). Представители участников должны предъявить документы, подтверждающие их полномочия на участие и голосование на Собрании. Незарегистрировавшийся участник (представитель участника) не учитывается при определении кворума и не вправе принимать участие в голосовании. На Собрании будут проведены выборы председателя и секретаря Собрания. До обсуждения вопросов, включенных в повестку дня, Собрание будет констатировать кворум. Предполагается открытая форма голосования по вопросам повестки дня. Каждый участник Товарищества при голосовании на Собрании имеет число голосов, соответствующее его доле в уставном капитале Товарищества. Протокол Собрания будет оформлен в десятидневный срок после проведения Собрания. Протокол Собрания подписывается председателем и секретарем Собрания. Если Собрание не состоится в указанную дату, повторное очередное общее собрание участников Товарищества состоится 21 мая 2026 г. в 11.00 ч. по адресу: город Астана, проспект Туран, 37/10, 13 этаж.

Собрание проводится в соответствии со статьями 42-49 Закона.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Almaty Tau Management» ЖШС «Алматы тау кластерінің Орталық аймағында тау шаңғысы инфрақұрылымының құрылысы, оның ішінде аспалы арқан жолдарын, сырғанау трассаларын және қарды жасауды түрде жасау жүйелеріне арналған сумен жабдықтау жүйелерін салу («Пик Чкалова», «Сухой Лог», «Кимасар», «Ой Qaragai – Пионер», «Пионер – Бутаковка»)» қоршаған ортаның жай-күйіне ықтимал әсерлері туралы есептің жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.

Жоба бастамашысы: «Almaty Tau Management» ЖШС, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, И.Байзақов көшесі, 303, БСН: 230640037681, тел.: 8 701 233 33 19, Erk1204@bk.ru

Нысанның орналасқан орны: Алматы облысы, Алматы қаласы.

Әсер ету аймағы: Алматы қаласы. Алаңның географиялық координаттары: 43.112482015756555, 77.1112882438165

43.1638256754032, 77.07325438370208
43.15636894739309, 77.05518477298453
43.146308218779744, 77.05712881004246
43.11242060106394, 76.97986348726656
43.15407935015478, 77.03853649368062
43.194650051144436, 77.05196802821095
43.18451232417609, 77.00381701197561

Тыңдау өтеді: 26.05.2026ж. сағат 15.00-де, Алматы қ., Әлеуметтік қызметтер үйі, Достық даңғылы, 85, онлайн қосылу: <https://us05web.zoom.us/j/81183317518?pwd=EqlhbdEX8SYvUBGqWzXKLL0sJvbM04.1>

Конференция идентификаторы: 811 8331 7518
Кіру коды: g55j65

Қоршаған ортаның жай-күйіне ықтимал әсерлер туралы есептің жобасын әзірлеуші: «ABC Engineering», ЖШС, abc_engineering@inbox.ru; 8 705 576 46 87.

Құжаттама порталда орналасқан <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> және интернет-ресурс <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana-upr> Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжайда қабылданады: «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ, Алматы қ. Республика алаңы, 4; uprtrp@mail.ru; +7 (727) 338 32 15.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Almaty Tau Management» сообщает о проведении общественных слушаний по проекту отчета о возможных воздействиях на состояние окружающей среды «Строительство горнолыжной инфраструктуры, в т.ч. подвесных канатных дорог, трасс для катаний и водоснабжения для систем оснежения в Центральной зоне Алматинского горного кластера («Пик Чкалова», «Сухой Лог», «Кимасар», «Ой Qaragai – Пионер», «Пионер – Бутаковка»).

Инициатор: ТОО «Almaty Tau Management», г. Алматы, Бостандыкский район, улица И.Байзақова, дом №303, 230640037681, 8 701 233 33 19, Erk1204@bk.ru

Адрес расположения объекта: Алматинская область, город Алматы. Территория воздействия: г.Алматы.

Географические координаты участка: 43.112482015756555, 77.1112882438165
43.1638256754032, 77.07325438370208
43.15636894739309, 77.05518477298453
43.146308218779744, 77.05712881004246
43.11242060106394, 76.97986348726656
43.15407935015478, 77.03853649368062
43.194650051144436, 77.05196802821095
43.18451232417609, 77.00381701197561

Слушания состоятся: 26.05.2026г. 15.00 ч, г.Алматы, Дом социальных услуг, пр.Достык, 85, в формате ВКС:

<https://us05web.zoom.us/j/81183317518?pwd=EqlhbdEX8SYvUBGqWzXKLL0sJvbM04.1>

Идентификатор конференции: 811 8331 7518
Код доступа: g55j65

Разработчик проекта отчета о возможных воздействиях на состояние окружающей среды: ТОО «ABC Engineering», abc_engineering@inbox.ru; 8 705 576 46 87.

Документация размещена на портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana-upr> Замечания и предложения принимаются: ГУ «Управление экологии и окружающей среды города Алматы» г.Алматы, площадь Республики, 4; uprtrp@mail.ru; +7 (727) 338 32 15.

«Достық қонақ үйі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – ҚКТЖЖ) өткізу туралы ХАБАРЛАМА

Атқарушы органың орналасқан орны: Алматы қ., Медеу ауданы, Құрманғазы к-сі, 36.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – ЖШС туралы ҚРЗ) 43,45,46 баптарына сәйкес «Достық қонақ үйі» ЖШС-ның Бас менеджері 18.05.2026 ж. сағат 15.00-де (Алматы уақыты бойынша) Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 36, «Алатау» конференц-залы мекенжайы бойынша ҚКТЖЖ өткізілетіні туралы хабарлайды. ҚКТЖЖ-ға қатысушыларды тіркеу ҚКТЖЖ өткізілетін мекенжайда сағат 14.00-ден бастап 14.45-ке дейін жүргізіледі. ҚКТЖЖ қворумы болмаған жағдайда 19.05.2026 ж. сағат 15.00-де (Алматы уақыты бойынша) аталған мекенжай бойынша бұрынғы күн тәртібімен ҚКТЖЖ қайта өткізіледі. ҚКТЖЖ-ға қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ның 17.05.2026 ж. сағат 00.00-дегі жағдай бойынша деректерінің негізінде құрастырылады.

ҚКТЖЖ күн тәртібі:

1. Байқау кеңесінің құрамын қайта сайлау туралы.
Анықтама алуға арналған тел.: +7 (727) 254 05 51(1125).

ИЗВЕЩЕНИЕ

о проведении внеочередного общего собрания участников (далее – ВОСУ) товарищества с ограниченной ответственностью «Гостиница Достык»

Местонахождение исполнительного органа: г.Алматы, Медеуский р-он, ул.Курмангазы, 36.

В соответствии со ст.ст. 43,45,46 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – ЗРК О ТОО) Генеральный менеджер ТОО «Гостиница Достык» сообщает, что 18.05.2026 г. в 15.00 ч. (по алм.вр) по адресу: г.Алматы, ул.Курмангазы,36, конференц-зал «Алатау», будет проведено ВОСУ. Регистрация участников ВОСУ будет осуществляться по месту проведения ВОСУ, с 14.00 ч. до 14.45 ч. В случае отсутствия кворума ВОСУ повторное ВОСУ будет проведено 19.05.2026 г. в 15.00 ч. (по алм.вр.) по тому же адресу с той же повесткой дня. Список участников, имеющих право на участие в ВОСУ, будет составлен на основании данных АО «Центральный депозитарий ценных бумаг» по состоянию на 00.00 ч. 17.05.2026 г.

Повестка дня ВОСУ:

1. О переизбрании состава Наблюдательного совета.
Тел. для справок+7 (727) 254 05 51(1125).

Егер сіз «Egemen Qazaqstan» газетіне ЖАРНАМА бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:

Астана 37-64-48, 37-60-49.
Электронды пошта: egemen_adv@mail.ru

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Әкімшіліктің қызметкері Жаннат Мұхтарқызы Ходеневті ескі Мұхтар ХОДЕНҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайтысына ортақтасып көңіл айтады.

ТАҒЫМ

Алаш тұлғасына құрмет

Еліміздің шекарасын бекіту және тұтастығын сақтап қалу жолында күрескен қайраткер тұлға, қазақтан шыққан тұңғыш математика профессоры, ағартушы Ә.Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейде алаш рет оқушылар арасында «Әлімхан әлемі» зияткерлік байқауы және математикадан Ермеков олимпиадасы өтті. Алдымен білім ордасында Алаш қайраткерінің ерлікке толы өмір жолына арналған мұражай ашылды.

2024 жылғы білім ұясына Әлімхан Ермеков есімі берілді. Мектептің сыртқы қабырғасына алаш қайраткерінің муралы салынды, авторы – Алмас Сыртабай. Кіреберісіне Ә.Ермеков мүсіні орнатылды, авторы – белгілі қолөнерші, мүсінші Асхат Оразғалиев.

Мектепте өткен салтанатты іс-шараға алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай, ақын, қоғам қайраткері Әкім Ысқақ, Ә.Ермеков әулетінен Фарид Хасенқызы, ермековтанушы Жанна Қыдырғалина, композитор Кентау Назарбек, басқа құрметті меймандар қатысып, өз пікірлерін ортаға салды. Игілікті іске атсалдықан азаматтар Әлімхан Ермеков медалімен марапатталды.

№38 мектеп-лицейдің директоры

Қадырғазы Мұқанов: «Мектеп-лицейдің осындай Алаш арысының есімін иеленуі үлкен мәртебе әрі бізге зор жауапкершілік жүктейді. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында көп жұмыс атқарылды. Жас ұрпақтың бойына Әлімхан Әбеуұлының асыл қасиеттерін сіңіру мақсатында 9-сыныпқа арналған «Әлімхантану курсы» бекітілді. Ол қала көлемінде пайдалануға ұсынылды. «Тұлғадан – тәлім» айдарымен мектепте алаштану ғылымы жолында тер төгіп жүрген ғалымдармен кездесулер ұйымдастыру ісі қолға алынды. Ғалымның ұрпақтарымен байланыс орнатылды. Еліміздің әр өңіріндегі Ә.Ермековтің есімін иелеген мектептер арасында өзара ынтымақтастық



меморандумына қол қойылды. Көптеген ізденіс нәтижесінде бұрын кітаптарда жарияланбаған, ғылыми айналымға толық еңбеген фотосуреттері қолымызға түсті. Соның бәрі мектептегі мұражай қорында», деді.

Филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай: «1987 жылы ҰҚК

мұрағатын ақтарып отырып, Әлімхан Ермековтің ісіне үңілгенімде, «келешекте есімі ұлықталып, туған халқына еңбегі мен мұрасы жетсе екен» деп, ұзақ ойланым қалғаным есімде. Әлімханның ісі 17 том, оның бәрін жазу мүмкін емес. Құбірлеп оқып отырдым. Жапониядан алдырған кішкентай магнитофоным

болды, соған жазып алдым. Бүгінгі таңда Алаш арысының өз ұлтына оралып, осылай насихатталып отырғанына бек қуаныштымын. Жанқиярлық ерлік жасап, Әлімхан Ермековтің арымен, сөзімен, нақты дәлелдерімен қорғап қалған Қазақстан аумағында бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміз қалыптасты», дей келіп, оқушыларға: «Сіздер Әлімхан Ермековтей атына заты сай, өжет, білімді, әділ, мәдениетті қайырымды болып өсіңдер», деді.

Сондай-ақ «Әлімхан әлемі» атты жаңа кітаптың таныстырылымы өтті. Онда Алаш арысының өмірбаяны, ой-толғамдары енген, құнды деректер мен әр жылдардағы фотошежірелер қамтылған. Белгілі ғалым Т.Жұртбайдың «Түрме әпсаналары» зерттеу еңбегіндегі Ә.Ермековтің тергеу материалдары бар. Осы басқосуда жас жазушы Біржан Ахмердің «Жер үшін жанталас» тарихи-драмасынан үзінді қойылды.

Айбатыр СЕЙТАҚ,
ақын, журналист

ҚАЗЫНА

Жұбановтан қалған жәдігер

Ұлттық орталық музейде «Ахмет Жұбанов: дәуір үні» деп аталған көрме ашылды. Тағалымды іс-шара көрнекті композитордың 120 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр.

Арман ОКТЯБРЬ,
«Egemen Qazaqstan»

Өмірін халық музыкасымен егіз өрген даңқты дирижердің шығармашылықтағы ең бір жемісті жылдары Алматыда өтті. Музыка зерттеушісі 1967–1968 жылдары ғұмырының соңғы кезеңдерінде тұрған пәтер бүгінде шағын музейге айналған. Көрмеде ұсынылған түпнұсқа экспонаттар дәл осы Ахмет және Ғазиза Жұбановтар мемориалды музей-үйі қорынан әкелінген.

Дәлірек айтқанда, көрмеде көрнекті тұлғаның сирек фотосуреттері, архивтік құжаттар, қолжазбалар, ғылыми еңбектер мен жеке заттарынан тұратын 120-ға жуық жәдігер ұсынылды. Олардың қатарында 1950

жылы шыққан неміс баспа мәшіңкесі бар. Бұл мәшіңкеге қазақ әріптері енгізілгенін көріп, қайраткердің сол кезеңнің өзінде-ақ ұлтқа қызмет етудің озық үлгісін көрсеткенін аңғарасыз. Сонымен қатар Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында қызмет атқарған кезде киген дирижерлік ффрагы, 1934 жылы Эмануэл және Борис Романенколар жасаған домбырасы, ноталық еңбектері көрме маңызын арттыра түскен.

«Бізге жеткен естеліктерді саралай отырып, Ахмет Жұбанов өмірде өте қарапайым кісі болғанын байқаймыз. Тірі кезінде бір ғана мерейтойы аталып өтіпті. Мәселен, бүгінгі көрмеде сол 60 жылдық мерейтойында сыйға тартылған экспонаттар бар. Ахмет Жұбановтың өзінің қолданысында болған қол



сағаты, үйде пайдаланған үстел сағаты, радиоқабылдағышы тұлға қолының табы қалған жәдігерлер санатында. Сағатта гравировка жазбасымен: «Естелік 60 жылдыққа Сапарғали және Зәмзәгүл» деген жазба бар. Ал қол сағатын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (сол тұстағы ҚазПИ) сыйға тартқан. Сондай-ақ баспа мәшіңкесі – 1950 жылы Германияда шыққан», дейді Ахмет және Ғазиза Жұбановтар мемориалды музей-үйінің жетекшісі Рысқұл Сағатқызы.

Рысқұл Сағатқызының айтуынша, Ахмет Жұбанов қайтыс болғаннан кейін қызы Ғазиза Жұбанова сол пәтерге көшіп келеді. Даңқты тұлғаның өзі өнерге қосқан қызы әкесіне арналған музей ашуды перзенттік парызына баласа керек. Дегенмен ол бұл арманына



жете алмай өмірден ерте өтті. Араға біраз жыл салып өзінің күйеуі, әйгілі режиссер Әзірбайжан Мәмбетов сол Ғазиза Жұбанованың арманының орындалуына мұрындық болған. Ол пәтермен бірге Жұбановтар-Мәмбетовтер отбасының мұрағатын мемлекет тарапына тапсырады. Кейін Ахмет Жұбановтың 100 жылдығына

орай осы пәтер-музей болып есік ашқан. Аумағы 116 шаршы метрді құрайтын музей-үйінің қорында күні бүгін 4 мыңға жуық экспонат сақталған. Кейбір деректерде бұл үйде Жұбановтар әулетіне дейін академик Қаныш Сәтбаев тұрғаны айтылады.

АЛМАТЫ

АҢДАТПА

«Бейбарыс сұлтан»

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында Рақымжан Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан» драмасы қойылады. Режиссері – Юрий Ханнинг-Бекназар.

«Мұқағали XXI»

Ә.Мәмбетов атындағы драма және комедия театрында Мұқағали Мақатаевтың күнделігі негізінде сахналанған «Мұқағали XXI» қойылымы көрерменге жол тартады. Режиссері – Әли Бидахмет.

«Бейтаныс әйелдің хаты»

Жастар театрында Стефан Цвейгтің «Бейтаныс әйелдің хаты» психологиялық драмасы ұсынылады. Режиссері – Нұрфат Вахитов.

«Махаббат жаңғырығы»

«Астана Опера» театрында Анна Германнның әндеріне арналған «Махаббат жаңғырығы» кеші өтеді.

ӨРІПТЕСТІК ӨЛЕУЕТІ

Жас өрендердің кітап көрмесі

Италияның Болонья қаласында халықаралық «Bologna Children's Book Fair» кітап көрме-жәрмеңкесі өтті. Балалар кітаптарының жәрмеңкесі 1963 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Биыл көрмеге алғаш рет еліміздің баспалары қатысты.

Серікбөл ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«Mazmundama», «Arman-PV», «Steppe & World Publishing», «East Publishing» секілді отандық баспаларға халықаралық жәрмеңкеде кітаптарын таныстыру мүмкіндігі туы. Отандық баспалардың балаларға арналған үздік кітаптары ұлттық стендке қойылып, көпшілікке таныстырылды. Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі Толқын Тұрғалиқызының айтуынша, бұған дейін аталған көрмеге жекелеген баспалар келсе, бұл жолы ұйымдасқан түрде Қазақстан баспагерлер және полиграфистер қауымдастығының қолдауымен ұлттық стенд ұйымдастырылды.

«Министрлік Болонья көрмесіне көп көңіл бөліп отыр. Екі жыл қатарынан Франкфуртта өткен халықаралық кітап көрмесіне Қазақстанның ұлттық стендін қойдық. Биыл міне, осы үрдіс Болонья көрмесінде жалғасын тапты. Біздің стендті тамашалаушылар өте көп. Мұндай көрме отандық баспа саласының дамуына өте қажет. Себебі көрме халықаралық байланыс орнатуға, бірлескен жобалар мен құқық алмасуға, ұлттық кітаптарымызды, соның ішінде балаларға арналған туындыларымызды халықаралық аудиторияға таныстыруға, әлемдік тәжірибелер мен трендтерді тануға, балалар әдебиетінің жаңа бағыттарын байқауға, иллюстрация

стильдерін меңгеруге, ең бастысы, заманауи талаптарға сай кітап шығаруға көмектеседі», дейді Толқын Тұрғалиқызы. Халықаралық көрмеге еліміздің атынан 18 делегат, атап айтқанда, баспа өкілдері, иллюстраторлар, авторлар, аудармашылар барған. Сондай-ай көрмеде алғаш рет отандық суретшілер

талқылау сессиясына қатысуға мүмкіндік алды. Иллюстратор, графикалық дизайнер және визуалды суретші Айсулу Алмасбай, Дәурен Тасболатов, «East Publishing» баспасының директоры Әмина Жемейі «Мұраны бейнелеу: балалар кітаптарындағы ұлттық болмысты қайта тану» тақырыбында өтетін кәсіби кездесуге қатысты. «Бізге халықаралық көрме барысында Орталық Азия авторлары мен иллюстраторларының алғашқы кәсіби кездесуіне қатысу мүмкіндігі туды. Балалар кітаптарындағы ұлттық болмысты тану тақырыбында ой қозғалды.

Сондай-ақ қазақ балалар әдебиетін әлемге танытудың қадамдары туралы пікір айтылды», деді иллюстратор Айсулу Алмасбай.

Ал «Mazmundama» баспасының жетекшісі Шыңғыс Мұқан халықаралық көрмеде Қазақстан бұрышының ашылуын қазақ балалар әдебиетіне көрсетілген қолдау деп біледі. «Бұл іске түрткі болған «Nomad Cultural Foundation» қорының жетекшісі – Баян Қабылаш. Тек Қазақстан ғана емес, Өзбекстан мен Қырғызстанның бұрышын қатар ұйымдастырып, Орталық Азия болып қатысып жатырмыз. Көрмеге 100-ден аса елдің баспасы келді. Бірнеше павильон қаз-қатар тұр, бірін аралап шығуға жарты күнің жетпей қалады. Мұнда небір тамаша кітаптар бар», дейді Шыңғыс Мұқан. Баспагер сонымен қатар балалар кітаптарының марапаттау рәсіміне қатысып, үлкен әсер алғанын да атап өтті.

Көрме барысында балалар әдебиеті саласындағы әлемдегі ең жоғары халықаралық марапат – Андерсен сыйлығы лауреаттарының есім-соіы жарияланды. Биыл бұл мәртебелі сыйлықты балалар қаламгері Michael Rosen (Ұлыбритания) иеленді. Ал иллюстрация бойынша Sai Cao (Қытай) еншіледі. Олар 44 елден ұсынылған 78 үміткердің ішінен халықаралық 10 сарапшыдан тұратын қазылар алқасы арқылы таңдалды. Андерсен сыйлығы балалар қаламгерлеріне 1956 жылдан бері (1966 жылдан иллюстраторға) екі жылда бір рет беріліп келеді. Биыл мәртебелі сыйлықтың беріле бастағанына 70 жыл толды.



EGEMEN QAZAQSTAN

Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылдың 17 желтоқсанынан шығады

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС

Бас директор
Дихан ҚАМБАЕКҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары
Виктор ПРИЯНИКОВ
Бас редактордың орынбасары
Қамбар АХМЕТ
Бас редактордың орынбасары
Айгүл БАЙХАН
Бас редактордың орынбасары –
Алматы басшыларының жетекшісі
Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ

Бас редактор
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Бас редактордың орынбасарлары
Талғат БАТЫРХАН
Бану ӘДІЛЖАН
Қуат ӘУЕСБАЙ

Жауапты хатшы
Амангелді ҚИЯС

Интернет-редакция жетекшісі
Абай АЙМАҒАМБЕТ

Бөлім
менгерушілері

Саясат және
құқық

Орынбек ӨТЕМІРПАТ

Экономика және
өндіріс

Қымбат ТОҚТАМПАТ

Мәдениет және
әдебиет

Жанібек ӘЛИМАН

Өлеумет және
спорт

Жомарт ОСПАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Абай облысы – Бақытбек Қадыр
Алматы облысы – Индосан Исмаев
Ақмола облысы – Байжан Байқали
Атырау облысы – Жолдасбек Кеңесбайұлы
Ақтөбе облысы – Баян Қуандықов
Батыс Қазақстан облысы – Қарабек Қуттымыратұлы
Жамбыл облысы – Тағират Мұсылманұлы
Жетісу облысы – Мұхтар Күмісбек
Қарағанды облысы – Қасымжан Ғалым
Қостанай облысы – Нұржанат Қулабай
Қызылорда облысы – Мұрат Жетпісбай
Маңғыстау облысы – Тұлайым Дәуітбай
Павлодар облысы – Мұрат Құрбанұлы
Солтүстік Қазақстан облысы – Жасымбай Сағат
Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай
Шығыс Қазақстан облысы – Мерия Қайнарұлы
Шымкент облысы – Фәрих Жұмашбай
Ұлытау облысы – Жұрды Тойбек

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Астана: АТС 37-65-27, факс: 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматы: 8 (727) 273-07-87,
факс: 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: aima@kazgazeta.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,
egemen_adv@mail.ru

Индекс 65392. Аптасына 6 рет шығады
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Көлемі 4 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің
саласына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған
материалдарды сілтемесі көшіріп басуға болмайды.
Газетті қайта өсіпке қою туралы
№КЗ21VP100062701 куәлігі 2023 жылғы 12 қаңтарда
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің
Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық
республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі
талаптарына сәйкес сертифициталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен
мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін
балапаныс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ)

ТАРАЛЫМЫ 50 005 дана



ISSN 1999-9720



Нөмірдің көзкеші редакторы
Қанат БІРЛІКҰЛЫ